

АЛДЫМЕН ЖЕРГІЛІКТІ ХАЛЫҚ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛСЫН

2-бет



ОЛЖЕКЕҢ ҚАНДАЙ ҚАЗАҚТАРДЫҢ «АЛМА-АТАСЫН» АЙТУДА?!.

7-бет



ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БАРЛЫҚ МЕКТЕПТЕРДІ ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ КӨШІРУ КЕРЕК

7-бет


# ҚАЗАҚ ҮНІ
QAZAQ ÚNI

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ АПТАЛЫҚ

www. qazaquni. kz || qazaquni2000@gmail. com || 2000 jylǵy 11 tamyzdan shyǵa bastady || №36-37 (958-959) 27.09.2021 jyl




## ЕҢ ЖАҚЫН ДОСЫҢ АУЫР ЕҢБЕК

**Қазақ әдебиеті тарихында есімі Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов атымен қатар аталатын көрнекті жазушы Ғабдол Слановтың туғанына 110 жыл толды.**
**Кезінде осынау болашақ жазушының тұңғыш фельетонына Ілияс Жансүгіров тамсанған екен. Ал оның тырнақалды очерктеріне Бейімбет Майлин қолдау көрсетеді.**

8-9 бет

# БАНК ЖҮЙЕСІНЕ ТҮБЕГЕЙЛІ РЕФОРМА ҚАЖЕТ




3 бет

**Күні кеше ғана Алматы қаласында болған атыстан бес адамның өмірі қиылып, қала тұрғындарын дүр сілкіндірді. Бес отбасы қара жамылып, қайғыға батты. Әрине, бес адамды атып өлтірген қаскөй заң бойынша міндетті түрде қатаң жазасын алуы керек. Бұл оқиғаның салдары, ал оның себебін саралап, түбіне үңілсек, «Даудың басы – Дайрабайдың көк сиыры» демекші бәрі де банктен алған несиеден басталғаны белгілі болып отыр. Банктың тойымсыздығы осы қайғылы оқиғаға жеткізгенін байқауға болады. Осы қайғылы оқиға байланысты «Ақ жол» фракциясы ҚР Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Ә. Смаилов пен ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің төрағасы М. Әбілқасымоваға депутаттық сауал жолдады. Онда банктер қарызын төлей алмаған адамның мүлкін тәркілеген кезде бағалау құнын кемітпеуі тиіс екендігі туралы нақты айтылды.**



## ЦИФРЛАНДЫРУДЫ СБЕРБАНК ЖҮЙЕСІНЕ БЕРУ – ЕГЕМЕНДІКТЕН АЙЫРЫЛУ ЕМЕС ПЕ?

**Сыртқы саясат алаңымызда терең тектоникалық өзгерістер өтіп жатыр. ЕАЭС тек бір экономикалық бірлік түсінігінен асып, жаңа одақ құру, тіпті бір мемлекетке бірігу жолына қарай жайлап жылжып бара жатқанға ұқсайды. Егемендік хақтарымызды қолдан беріп, тәуелсіздігімізді тарылту жолына түскен сыңайымыз бар.**

4 бет



**Асқар ЫДЫРЫСОВ, Сәтбаев қаласының әкімі:**

## АНА ТІЛДІ ҮЙРЕНЕ АЛМАУ МҮМКІН ЕМЕС

6-7 бет

## РК: В СТРАНЕ ИДЕТ ЦИВИЛИЗАЦИОННЫЙ РАЗЛОМ



**В условиях небывалых потрясений, всеобщей гибридной войны, включая информационной, идеологической, религиозной, к которой добавился еще «афганский синдром», в условиях всевозможных кризисных явлений мы должны придерживаться светского и научного подхода к религии, всемерно поддерживая свою традиционную религию и культуру.**

10 бет

# АЛДЫМЕН ЖЕРГІЛІКТІ ХАЛЫҚ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛСЫН

**Маңғыстау облысына жұмыс сапарымен барған Қ.Тоқаев өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы жөнінде кеңес өткізді. Президент 30 жылда бұл өлкеге 7 триллион теңгеден астам инвестиция тартылып, аймақтағы өнеркәсіп өндірісінің көлемі 2 есеге артқанын атап өтті.**




Тәуелсіздік кезеңінде облыста 11,3 миллион шаршы метр тұрғын үй пайдалануға беріліп, 78 мектеп, 334 балабақша салынғанын айтқан Қ. Тоқаев аймақта жылдам шешуді қажет ететін бірқатар қордаланған мәселелер де бар екеніне назар аударды. Жыл басынан бері өңірде 150 еңбек дауы туындаған. «Бәрі заң аясында шешілуге тиіс. Жаңаөзенде тұрақты жұмыс істейтін ведомствоаралық штаб құрып, оған мемлекеттік органдар мен «Самұрық-Қазына» белсене қатысуы керек. Бұл штаб шұғыл шешім қабылдауға және халықпен тығыз қатынас орнатуы қажет» – деді Президент. Мемлекет басшысы облыста жұмыссыздық мәселесінің ушығып тұрғанын, жергілікті жұрттың жұмыс таппай жүргенін, ал мердігерлердің басқа жақтан еңбек күшін тартатынын айтты. Қ. Тоқаев әкімдік пен «Самұрық-Қазына» қорына, ең алдымен, өңірдің жергілікті тұрғындарын жұмыспен қамтуды тапсырды. Аймақта азық-түлік бағасы қымбат, оның 80 пайызға жуығы импортталады. Көкөніс сақтайтын орын тапшылығына қатысты қоймалардың құрылысы жөніндегі жол картасын әзірленгенін айтты.

Президент облыстағы өзекті проблемалардың бірі – өңір тұрғындарының сапалы ауызсумен толық қамтамасыз етілмеуіне арнайы тоқталды. «Мен Жолдауымда Кендірлі елді мекенінде су тұщыту зауытын салуды тапсырған болатынмын. Үкімет «Самұрық-Қазына» қорымен бірлесіп, 2024 жылдың соңына дейін зауытты іске қосуы керек. Ауылдық жерлер әлі күнге дейін сапалы ауызсуға мұқтаж. Облыстағы 12 елді мекенде, яғни ауылдардың 20 пайызында ауызсу жоқ. Әкімдікке келесі жылдың соңына дейін осы 12 ауылдың бәріне таза су беруді тапсырамын» – деді Президент. Қ.Тоқаев шенеуніктердің біліксіздігінен «Каспий» су тұщыту зауытының қуатын арттыру созылып кеткенін, мұқтаж фермерлерге көмек көрсету кезінде шенеуніктердің сылбырлығын да сынға алды.

Мемлекет басшысы аталмыш арнаулы экономикалық аймақтың әлеуетін одан әрі арттырудың өзектілігіне назар аударды. Президент сөзінің соңында көтерілген мәселелерді шешу үшін Үкімет пен облыс әкімдігіне екі аптаның ішінде өңірді дамытудың кешенді жоспарын бекітуді тапсырды.

# МИНИСТР БЮДЖЕТ КІРІСІН ҚАЛАЙ КӨБЕЙТПЕКШІ?

**ҚР Қаржы министрі Ерұлан Жамаубаев Үкімет үйінде өткен брифингте бюджеттің кірісін қалай арттыруға болатынын айтып жұртты елең еткізді.**

Оның айтуынша Қаржы министрлігінің қоржынында 5 пилоттық жоба жатыр. Олар тауардың ілеспе жүкқұжаттарын енгізуге, акциздік тауарларды маркілеуге, электронды шот-фактураларды қолдана отырып, қосымша құн салығын әкімшілендіруге, ірі кәсіпорындар үшін көлбеу мониторинг енгізуге және «Tax Free» жобасына қатысты екен. «Пилоттық жобалар жалпы кәсіпкерлермен кері байланыс орнату үшін қолға алынып отыр», - деген ведомство басшысы аталмыш жобалар заңнамалық нормаларды енгізу кезінде кәсіпкерлердің қандай қиындықтарға тап болып жатқанын білу үшін керек екенін атады.

Бұның бәрі жаңалық емес, бұрыннан бар тәсілдер. Министрге кәсіпкерлермен кері байланыс керек болса «Ақ жол» партиясының өзінің атына жолдаған депутаттық сауалын мұқият оқып шықсын. Сауалда тауарлардың ілеспе жүкқұжаты тудырған проблемалар айтылған. Ол электронды нұсқасын қайталау екендігі, сол арқылы қосымша шығын шығатыны анық айтылған. Акциздік тауарларды маркілеу, қосымша құн салығын әкімшілендіру де тауарлардың бағасын көтереді. Мұндай кіріс көлемін өсірудің соңы қайда апарып соғады? Әрине, біріншіден кәсіпкерлердің қалтасын қағады, екіншіден халықтың сатып алу қабілетін төмендетеді. Тұрғындардың тұрмысын тұрақтандыру мақсатында тағы да мемлекеттің жалақыны, зейнетақыны көтеру үшін қосымша қаржы жұмсауына тура келеді. Сонда министрдің бұл «жаңалығынан» не пайда? Одан да сол мол кірістің қайда, қалай жұмсалып жатқанын қатаң бақылауға алған ұтымды. Қыруар қаржының жемқорлардың жемсауында кетіп жатқаны жасырын емес. Бір ғана сауда-саттық ел экономикасын көтере алмайды. Ол үшін отандық өндірісті дұрыс жолға қою керек. Өндіріс саласын салықпен тұншықтырмай қолдау көрсету қажет. Қаржы министрлігінде отырған мамандар мұны жақсы білуге міндетті.

# ТАУАРЛАРДЫ БАҚЫЛАУ ҰЛТТЫҚ ЖҮЙЕСІ ЕНГІЗІЛЕДІ

**Үкімет үйінде өткен брифингке қатысқан ҚР Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Әлихан Смайыловтың айтуынша салықтық және кедендік әкімшілеуді цифрландыру тереңдетіледі.**

Жалған транзит ағынын мониторингілеу және қысқарту үшін навигациялық пломбаны енгізу кеңейтілмекші. Тауарларға арналған декларацияларды шығару және бақылау бөлігінде кедендік қызмет орталықтандырылып, мәліметтерді сараптау үшін жасанды интеллекті технологиясы да енгізіліп жатыр. Қашықтан өзара іс-қимылға негізделген ірі бизнесті көлбеу мониторингілеу жобасы қолға алынған. «Шетелге капиталды жылыстатуға қарсы іс-қимыл және экономиканы деоффшорландыру бойынша кешенді жұмыс жүргізілу үстінде. Мәліметтерді электронды түрде алмасу үшін ЭЫДҰ-мен көпжақты конвенцияға қол қойылды. Толықтай алғанда ұсынылған іс-шаралар мемлекеттік бюджет кірісін арттыруға бағытталған», – деді Әлихан Смайылов.

# МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ – МЕНІҢ ТІЛІМ

**Ақмола облыстық білім басқармасының «Ақмола дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығы Тілдер күнінің аясында ұлты қазақ емес 14 жастағы оқушылар арасында «Мемлекеттік тіл – менің тілім» атты облыстық онлайн байқауын өткізді.**

Облыстық білім басқармасының мәліметінше, байқау мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру, талантты жастарды анықтау және өз елін, Отанын, туған халқының тілі мен салт-дәстүрін қастерлейтін саналы да парасатты азаматтарды тәрбиелеуге бағытталған. Оған Ақмола облысының 11 ауданы және Көкшетау, Степногорск қалаларынан 14 оқушы қатысты. Байқау төрт кезеңнен тұрды. «Кел, танысайық» деп аталатын бірінші кезеңде әр қатысушы өзін-өзі таныстырып кетті. «Ақыл көркі – тіл, тілдің көркі - сөз» деп аталатын екінші кезеңде қатысушылар мәтінді мазмұндап, сөйлеу мәнері мен ойды ұшқыр жеткізу қабілеттерін көрсетті. «Мен өмірді жырлау үшін келгенмін...» атты үшінші кезеңде қатысушылар М.Мақатаевтың 90-жылдығына орай ақынның лирикалық өлеңдерін, дастандарынан үзінділер жатқа оқып берді. «Сауатты болайық!» атты төртінші кезеңде қатысушылар көше жарнамаларындағы қате жазылған сөздерді талдады. Оқушылардың тілді меңгеру деңгейін Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті мен Ж.Мусин атындағы қазақ жоғары педагогикалық колледждерінің мамандары бағалады. Жеңімпаздар Ақмола облысы білім басқармасының дипломдарымен және бағалы сыйлықтарымен, ал жетекшілері алғыс хаттармен марапатталады.

# СОЛТҮСТІКТЕ СҮТ МОЛ

**СҚО әкімі Құмар Ақсақалов ауыл шаруашылығында жүзеге асып жатқан жобалардың барысымен танысып, бұл жайында өңір басшысы әлеуметтік парақшасында жазды.**



«Біздің міндет – ауыл шаруашылығының ет-сүт өндірісінде жұмыс орындарын көптеп ашу. Еліміздің мал шаруашылығында ең көп жобаларды жүзеге асырып жатқан біздің облыс. Осының арқасында ет өндіру көлемін 1,6 есеге, 60 мыңнан 100 мың тоннаға дейін арттыра аламыз. Аққайың ауданына жұмыс сапары барысында ауыл шаруашылығы жобаларының құрылыс барысын тексердім. Аралағаш ауылының жанында үлкен бройлер құс фабрикасы салынып жатыр. Қазақстандық компания 5,4 млрд. теңге инвестиция құйған, 168 тұрақты жұмыс орны ашылады. Жаңа құс фабрикасы жылына 5 мың тонна құс еті мен 3,5 млн. жұмыртқа өндіретін болады», – дейді Құмар Ақсақалов. Өңір басшысы Аққайың ауданы Қиялы ауылының маңында салынып жатқан сүт фермасының құрылысында да болды. «Жергілікті шаруа Серғазы Қарымсақов жаңа сүт фермасының құрылысын бастады. Бұл облыста салынып жатқан 16 сүт кешенінің бірі. Елімізде бой көтеріп жатқан фермалардың жартысы СҚО-да орналасқан. Біз жыл соңына дейін 10 сүт кешенін іске қосамыз» – деп жазды облыс әкімі.

# ЖОСПАРДЫ ОРЫНДАМАҒАНДАР ЖАУАПКЕРШІЛІККЕ ТАРТЫЛАДЫ

**Еліміздегі ұлттық компаниялардың қызметіне сараптама жүргізіледі. Даму жоспарын орындамаған ұлттық компания басшысы жауапкершілікке тартылады.**

Бұл туралы Үкімет үйінде өткен брифингте ҚР Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Әлихан Смайылов айтты. «Президент квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің жұмсалған шығынды ақтамау проблемасын шешу бойынша тапсырма жүктеді. Бұл бағытта Есеп комитетімен бірге әрбір ұлттық компания мен мемлекеттік кәсіпорын қызметіне қажетті сараптама жүргізіледі. Бұған қоса, квазимемлекеттік сектордағы компаниялардың бірінші басшыларына даму жоспарындағы көрсеткіштерге қол жеткізбегені, сонымен қатар шығынға жол бергені үшін нормативтік тұрғыда жауапкершілік қарастыру ұсынылып отыр», - деді Әлихан Смайылов. Бірінші вице-премьер қаржы институттарында бұғатталған кепілдік активтерді экономикалық айналымға қайтару туралы заң жобасы әзірленетіндігін де айтты.

# АУҒАНДЫҚ ҚАНДАСТАРЫМЫЗ АҚМОЛА АЙМАҒЫНА ҚОНЫСТАНДЫ

**Ауғанстаннан көшіп келген 35 адамнан тұратын төрт отбасы Ақмола облысына қоныстандырылды.**



Биыл аймаққа 258 адамға квота бөлінген, оның 85 пайызы игерілді. Келгендер Көкшетау қаласында, Атбасар, Сандықтау және Бурабай аудандарында орналасқан. Олар барлық рәсімдерден өтіп, қандас мәртебесін алады. Заң шеңберінде қоныс аударушыларға отбасының әрбір мүшесіне 70 айлық есептік көрсеткіштен (200 мың теңгеден астам) біржолғы жәрдемақы қарастырылған, сондай-ақ жыл ішінде олар ай сайын 15-тен 30 айлық есептік көрсеткішке дейін тұрғын үйді жалдау және коммуналдық қызметтерді өтеуге қаражат алатын болады. Жергілікті басшылардың айтуынша, отбасы мүшелері қоныстанып, жұмыс табады. Мысалы, Көкшетауға құрамында тоғыз адам бар отбасы келген. Олар «Новопэк» ЖШС-де жұмысқа орналасады. Қандастарымыз ҚР азаматы мәртебесін алған кезде елімiздің басқа азаматтарымен тең дәрежеде өмір сүретін болады. Айта кетелік, Тәуелсіздіктің 30 жылы ішінде Ақмола облысына тұрақты тұруға 8983 қандас келді, оның құрамында 40126 азамат бар. Ағымдағы жылы өңірге барлығы 89 отбасы көшіп келді, олардың құрамында 157 адам бар. Талдау көрсеткендей, отбасылардың 47,9 пайызы Моңғолиядан, 29,5 пайызы Өзбекстаннан, 12,1 пайызы Қытайдан келген қандастарымыз.

**Күні кеше ғана Алматы қаласында болған атыстан бес адамның өмірі қиылып, қала тұрғындарын дүр сілкіндірді. Бес отбасы қара жамылып, қайғыға батты. Әрине, бес адамды атып өлтірген қаскөй заң бойынша міндетті түрде қатаң жазасын алуы керек. Бұл оқиғаның салдары, ал оның себебін саралап, түбіне үңілсек, «Даудың басы – Дайрабайдың көк сиыры» демекші бәрі де банктен алған несиеден басталғаны белгілі болып отыр. Банктың тойымсыздығы осы қайғылы оқиғаға жеткізгенін байқауға болады. Осы қайғылы оқиға байланысты «Ақ жол» фракциясы ҚР Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Ә. Смаилов пен ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің төрағасы М. Әбілқасымоваға депутаттық сауал жолдады. Онда банктер қарызын төлей алмаған адамның мүлкін тәркілеген кезде бағалау құнын кемітпеуі тиіс екендігі туралы нақты айтылды.**

# БАНК ЖҮЙЕСІНЕ ТҮБЕГЕЙЛІ РЕФОРМА ҚАЖЕТ

Еліміз егемендік алып, бәрімізді байлы-бақуатты етеді, нарық халықты қарық қылады деген капитализмнің қамытын кигенімізге де міне отыз жыл болып қалыпты. Отыз жылда халықты қарық қылған капитализмді көрмесек те, бір жүйеден екіншісіне ауысатын өтпелі кезеңді, өліараны епті пайдаланған, елдің байлығын жекешелендіріп алған ат төбеліндей пысықайларды есепсіз пайдаға батырғаны анық. Кеше ғана қалтасындағы тиынын санап, көпшілік қатарлы қарапайым ғана тірлік кешіп жүргендер билік пен оның басында отырған тамыр-таныстары, туыстары арқасында санаулы ғана жылдарда долларлық миллионерлер мен миллиардерлер атанып шыға келді. Халықтың арқасында тапқан қаржысын өз мемлекетін дамытуға емес, шетелдік банктерге тығып, өзге елдің өркендеуіне үлес қосып жатыр. Халықтың ортасынан шыққан сол байларымыздың иелігінде де банктер жоқ емес.

Әлемдегі тәжірибеде экономика салаларын қаржыландыру банк жүйесіне берілген. Демек қаржы саласы шешуші рөл атқарады деген сөз. Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінен басқа, біздің елде жұмыс істейтін барлық банктер - екінші деңгейдегі қаржылық ұйымдар. 1995 жылдың 31 тамызындағы №2443 «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк әрекеттері туралы» Заңы сол екінші деңгейлі банктердің негізгі ережесі болып есептеледі. Осы заңға сәйкес, Қазақстандағы екінші деңгейлік банк жеке меншіктен тәуелсіз коммерциялық әрекетті жүзеге асырушы заңды тұлға ретінде танылады, оның қызметінің негізгі мақсаты - пайда табу болмақ. Бұл қаржылық ұйымдар Қазақстанның аумағында, сол сияқты оның шекарасынан тыс жерлерде өздерінің еншілес банктерін, филиалдары мен өкілдіктерін ашуға құқылы. Бұл банк туралы ресми анықтама.

Соңғы деректер бойынша жаңбырдан кейінгі саңырауқұлақтай қаптап кеткен банктердің қазіргі ұзын саны 24 екен. Бұл бір кездерде банкротқа ұшырап, амалсыз жабылғандары мен бірігіп іріленгендерді есептемегенде. Экономикасы әлсіз, халқының саны аз және тұрғындарының сатып алу мүмкіндігі шектеулі елге осыншама банктің қажеті қанша? Көпшіліктің көкейіндегі бұл сұраққа биліктегілердің айтар уәжі дайын, банктер көп болса өзара бәсеке орнайды, олардың қызметінің сапасы артады дейді. Бұл уәждеріне алғашқы жылдары жұрт иланғанмен, дәп қазір ешкім сенбейді. Банк арасындағы бәсекеден олардың қызметі артып, несиенің пайыздық мөлшерлемелерінің төмен түскені шамалы. Президент пен Үкімет араласып, тәубесіне келтіріп, тізгіндерін тартқанда ғана тәбеттерін сәл тиғанмен, арандары ашылып кеткен. Халықтың мүмкіндігімен, нақты жағдайымен олар ешқашан санасқан емес. Несие қарыздарын өтей алмағандарды коллекторларды жіберіп, тура мағынасында жандарын шығарады. Соның салдарынан қаншама адам кепілдікке қойған басындағы жалғыз баспанасынан айырылып, қаншама адам өздеріне қол жұмсап өмірмен қоштасты. Алматыдағы оқиға да соны көрсетеді. Бұдан біз адамдардың тағдыры банкке маса шаққан құрлы әсер етпейтінін, оларға тек қана пайда табу керектігін байқаймыз.

Осы өткен жылдарда банк тарапынан заң бұзушылықтар аз болған жоқ. Жақында ғана Бас прокуратура банктер несие алған клиенттердің ақшасын негізсіз, рұқсат етілген мөлшерден жоғары шешіп алып отырғанын жариялады. Заң бойынша, адамның жалақысы немесе зейнетақысынан 50 пайыздан артық өндіріп алуға болмайды. Бас прокуратура мұндай әрекеттерді Kaspi Bank, «Еуразиялық банк», «Халық банк» пен «Хоум Кредит энд Финанс банкінен» анықтаған. Осындай жайттар Ақтөбе, Қарағанды, Жамбыл, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарында орын алған. Осы заңсыздықтың кесірінен қарыз алушылар жалғыз табыс көзінен айырылып, күнкөрісі қиындаған. Сондықтан Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің талабы бойынша, енді банктер мен сот орындаушылары артық төленген қаражатты бес жұмыс күні ішінде қайтаруға тиісті.

Барлық банк атаулы адамдардың ақшасының арқасында мол пайда тауып отырғаны белгілі. Біріншіден, салымшылардың қаржысын үстінен пайыз қосып қарызға беріп ақша жасайды. Турасын айтсақ, біздегі қаптап кеткен қатардағы делдалдардың бірі. Екіншіден, жоғары пайызды несиесін өтей алмағандарға айыппұл салып, кепілдікке қойған баспана немесе өзге де құнды мүліктерін арзан бағалап, тартып алады. Оны аукционға қойып сату арқылы да пайда көреді. Міне біздің банктің халыққа көрсетіп отырған «қызметі» осындай. Біреулер айтуы мүмкін, олай болса несие алмай банктен аулақ жүр деп. Бұл қалтасы қалыңдардың әңгімесі. Жұрт жетіскеннен несие алып жатқан жоқ. Тұрақты жұмысы жоқ, бар болса да жалақысы мардымсыз адамдардың басқа барар жері жоқ. Амалсыз қарызға кіруіне тура келеді. Бізде 5 миллионға жуық адамның несиесі болса, оны 1 млн. 200 мыңға жуығы қарызын төлей алмай жүр.

Біздің банктер жеке адамдардың қолында екені белгілі. Жай адамдардың емес, қалтасы қалың тым жоғарыда отырғандардың. Ал банк туралы деректерді ашып қарасаңыз олардың ешқайсысының аты аталмайды. Атқарушы директорлар мен банк кеңесінің төрағасы мен мүшелері ғана көрсетілген. Мынау банктің шынайы иесі деп дәлелдеп бере алмайсыз, бәрі құпияланған. Тек қана бірінің жолын бірі кескенде,




өзара айқасқанда ғана құпиялары ашылады. (М. Әблязов «БТА», Ә. Жақсыбеков»Цеснабанк»). Қазір екеуін де мықты банктер «жеп» қойды. Банктердің қандай жолмен қаншалықты пайда тауып жатқанын да анық ешкім айта алмайды. Білетініміз «тиімді несие» алуға шақырған жарнамалар ғана.

Жекеменншік болғанмен халыққа лайықты қызмет көрсетіп, ел экономикасының дамуына нақты үлес қосып жатса әңгіме басқа. Естеріңізде болса, елдегі өндірісті өркендетуге арналған қаржыны дұрыс ұйымдастыра алмай екінші деңгейдегі банктер Президенттен бірнеше рет есекерту алғаны соған дәлел. Одан қалды қаржыны несиеге қалай болса солай таратып, оны қайтара алмай тақырға отырғандары да ұмытыла қойған жоқ. Амал жоқ, бұдан кейін бұл банктерге мемлекет тарапынан бірнеше рет триллиондап қомақты қаржы құйып, «сауықтыру» үшін көмек көрсетуге тура келген-ді. Ол ақшалар қайтарылды ма, қайтарылмады ол жағы да белгісіз. Әйтеуір мемлекет берген кепілдіктің арқасында миллиондаған салымшылар зардап шеккен жоқ. Зардап шеккен жоқ дегенімізбен банктерге құйылған мемлекеттік қаржы халықтікі емес пе? Олай болса бұл жерде де Үкімет банктерге халықтың қалтасына қол сұғуға жағдай жасап отыр деп айта аламыз. Шындап келгенде мемлекет жекеменшік банктерге көмектесуге міндетті емес, коммерциялық ұйым ретінде олар өз күндерін өздері көруге тиісті. Ондай банктердің бірнешеуі жабылғанмен мемлекеттің көмегімен көбісі сақталып аман қалды. Соған қарағанда сақталып қалғандардың шынайы иелері мықты болуы керек.

Ортадағы екінші деңгейлі банктердің қызметі түгелдей Ұлттық банктің бақылауында. Бұл дұрыс шешім! Егер бақылау болмаса біздің банктер несие мөлшерлемелерін аспаннан бір-ақ шығарары сөзсіз. Сондықтан Үкімет тарапынан тұрақты тежеу міндетті түрде керек. Бұл жерде біздің банктерге билік жиі айтатын «нарық заңының» құны бір тиын.

Ұлттық банк жақында базалық мөлшерлемені тағы көтерді. Шілденің аяғында ғана ол 0,25 пайыз өскен. Ақша-кредит саясаты жөніндегі комитет тағы 0,25 пайызға көтеріп, сөйтіп енді 9 жарымға дейін өсірді. Бас банк сол арқылы инфляцияны түсіреміз дегенімен, білікті сарапшылар бұған күмәндана қарайды. Ұлттық банктің мәлімдеуінше, азық-түлік пен шикізатқа деген сұраныс әлемде артып келеді, біздің елде де тап солай. Тұтынушылық сұраныстың артуымен бірге, электр қуаты, газ мен жанармай бағасы да өсіп барады. Осыған орай елдегі инфляцияның орташа көрсеткіші 8,7 пайыз деңгейіне барды. Оның ішінде азық-түлік бағасының шарықтауы тамыз айының өзінде 11,4 пайызға дейін жеткен-ді. Ал базалық мөлшерлемені өсіру инфляция қарқынын бәсеңдетіп, келер жылы 4-6 пайыз аралығына түсіреді делінген Ұлттық банктің таратқан ресми мәлімдемесінде. Бұл баяғы Ұлттық банкті басқарған Марченконың «көріпкелдігін» еске түсіреді. Сынықтан басқаның бәрі жұғады демекші, өзі кетсе де «көріпкелдігін» әріптестерінің сүйегіне сіңіріп кеткен сияқты. Сарапшылар болса базалық мөлшерлемені көтеру бәрібір экономикаға кері әсерін тигізеді дейді. Өйткені банктер несие беру пайызын көтереді. Соңғы уақыттары жеке және заңды тұлғалардың несие алуы онсыз да азайып кеткен. Енді бұл сан одан сайын кеми түседі. Бір қарағанда банктердің өздері де зардап шегуі керек қой. Жоқ, банк үшін қам жемеңіз, олар ешқашан ұтылмайды. Олардың ақша жасайтын жолдары жетерлік.

Елімізде кәсіпкерлікті, сол арқылы экономиканы дамытуға бағытталған «Даму» кәсіпкерлікті қолдау қоры, «Бәйтерек» холдингі деген сияқты мемлекеттік корпорациялар бар. Мемлекет оларға осы мақсатта миллиардтаған ақша құяды. Олар өз кезегінде кәсіпкерлерге бөлінетін кредитті субсидиялауға міндетті. Мәселен, сіз банктен 16 пайызбен несие алмақшысыз. «Дамудың» желісіне жүгінсеңіз, қор банктен алған несие үстеменің жартысын, яғни 8 пайызын төлеп береді, қалған 8 пайызын сіз банкке төлейсіз. Бұл жерде де банк екі жеп биге шығып тұр. «Дамудан» да ақша алады, сізден де қаржы өндіреді. Сонда үкімет банкті өздері ортаға делдалдыққа енгізіп отырған жоқ па? Соны олар білмей отыр ма? Білгенде қандай, банк иелерінің мықты екенін осыдан да көруге болады. Кәсіпкерлікке 100 миллионға дейін несие берілетінін ескерсек, бұл жерде банк жай ғана отырып алып қомақты пайда түсіреді.

Тағы бір табыс көзі – ипотека. Айталық, үйдің бағасы орташа алғанда 20 млн. теңге дейік. Егер сізге ипотеканы 20 жылға 20,5 пайызбен берсе, ай сайын 347 мың теңге төлеуіңіз керек. Ал 20 жылда сіз банкке 80 млн. теңгеге жуық ақша беріп, үйдің ақысына төрт есе көп ақша төлейсіз. Банктер «17 пайызбен кредит береміз» деп айқайлап жатады. Ал оның астына кішкентай әріптермен жылдық тиімділік есептеледі», деп ескерту жазады. Мұны көбісі түсінбейді. Сөйтіп шын мәнінде кредиттердің көлемі 17 емес, 20 пайыздан асып кетеді. Банктердің беретін келісімшартын қарасаңыз, «кредитті рәсімдеу ақысы» деп тұрады. Бұл да алдап ақша өндірудің амалы, банктің құйтырқы әдістері. Осыдан кейін «Мұндай банктердің қажеті қанша?» деген сұрақ туындауы орынды.

Осы нарық атты экономикаға бас сұғарда стратегиялық маңызы бар салалар мен нысандарды жекешелендіруге болмайды деген көпшіліктің ұсынысы айтылғаны белгілі. Оған жер, су, жердің қазба байлықтары, банк жүйесі, әуежайлар тағы басқа маңызды нысандар кіреді. Бірақ оны құлағына ілген билік болмады. «Өзімізде ақша жоқ, шетелдік инвестицияны тарту керек» деген желеумен қазба байлықтарымызды солардың басқаруына беріп жіберді. Өндірісті дамытамыз, жұмыс орындарын ашамыз деп ант-су ішкен үкімет бұрынғы қуатты зауыт-фабрикаларды сауда орындарына айналдырып жіберді. Мысалы Алматыда ондаған ірі зауыттардың қазір бірі жоқ. Бұрынғы мемлекеттік бір банктің орнына келген ондаған банктердің пайдасынан зияны көп халыққа. Сондықтан кейбір мамандар мемлекет қарамағындағы бір ғана банкті қалдыру қажеттігін айтады. Үкімет банк жүйесін өз қолына алса ондағылардың ниеті түзу, қолы таза болуы шарт. Өкінішке орай о жағы да сенімсіздеу. Біздегі тәжірибе көрсетіп отырғандай, бюджет ақшасын талан-таражға салып, жыл бойы ұсталып жатқан шенеуініктерге деген сенімін халық баяғыда жоғалтқан. Өз қарамағындағы, өздеріне тікелей бағынышты әкімдер, министрлер, банкирлер сияқты түрлі лауазымдыларға ие бола алмай отырған үкіметтен де үмітін үзген. Неге билік соншалықты бейшара болып қалды? Өйткені жең ұшынан жалғасқан жемқорлық жоғарыға дейін жеткен. Бұлай демеске амал жоқ, қарамағында сот, прокуратура, полиция сияқты толып жатқан тағы да басқа күштік құрылымдары бола тұра қылмыспен күресе алмау соны көрсетеді. Ал өздерінің қолы таза болмаса олар кімге ақыл айтып, кімге жөн сілтемек? Біздегі қолда бар қазіргі заңды толық пайдалансақ жемқорлықтың өзін жеп жіберуге болар еді. Бірақ оған деген ниет жоқ. Ал ниет жоқ жерде нәтижелі іс те болмайтыны белгілі.

**2-3-бетті дайындаған**
**Зейнолла ҚАБИОЛЛАҰЛЫ**

# ЦИФРЛАНДЫРУДЫ СБЕРБАНК ЖҮЙЕСІНЕ БЕРУ – ЕГЕМЕНДІКТЕН АЙЫРЫЛУ ЕМЕС ПЕ?



**Сыртқы саясат алаңымызда терең тектониқалық өзгерістер өтіп жатыр. ЕАЭС тек бір экономиқалық бірлік түсінігінен асып, жаңа одақ құру, тіпті бір мемлекетке бірігу жолына қарай жайлап жылжып бара жатқанға ұқсайды. Егемендік хақтарымызды қолдан беріп, тәуелсіздігімізді тарылту жолына түскен сыңайымыз бар.**

Бүтін Қазақстанның мемлекет басқару жүйесінің цифрлық алаңын, көрші елдің бір банктық жүйесіне беру, уран шикізаты мен өндірісін де соларға тапсыру, ақыры бір атом электростанциясын салуға қайта бет бұру «шектеулі» тәуелсіздік орнауына, ішкі және сыртқы саясаттағы маңызды мемлекет функцияларын басқа бір мемлекетке тапсыру бастамасы ма деген ой келеді.

Үкіметіміз күшті «көршінің» айдауына көніп, жүргізіп отырған әлсіз « инертті» сыртқы саясаты, жеткілікті дәрежеде «легитимді» еместігімен байланысты ма осы ? Қазіргі үкіметімізді біз, толыққанды азаматтық қоғам, демократиялық көппартиялық жүйе қалыптасқан саяси жүйенің өнімі дей аламыз ба? Мүмкін, сол халықтан терең қолдауға ие бола алмағандықтан шығар, осындай солқылдақ саясат жүргізулері. Немесе, сол қолдауды тіпті қажет санамауларында ма екен? Тәуелсіз сыртқы саясат жүргізу үшін, «технократиялық» басшылыққа ерекше күш беретін, егеменді биліктің қайнар көзі саналатын халықтың, өз тәуелсіздігін қорғауға бағытталған табанды көзқарасы қажет. Ата заңымыз- Конституцияда осылай көрсетілген. Яғни, егемендiлiкке байланысты мәселер тек халықтың қолдауымен қарастырылып, шешілуі тиіс!

Осы кезеңге дейін, біздің бірнеше тіл меңгерген, тәжірибелі «технократ» билігіміз егемендiлiктi қорғау мақсатын тек мемлекеттік «статусты» қорғаумен байланыстырды. Бұл «статус»түсінігіне шекара, экономиқалық мүдде, Президенттік биліктің құдіреті, мемлекеттер арасы шарттар сияқты т.б «ресми» ұғымдар кіруші еді. Бірақ бұл ұғымдардың «ядросын» құрайтын негізгі түсінік қазір ғана өз маңыздылығына иеленуде. Бұл – Қазақ Елі, Мемлекеттік Тіл және жалпы қазақтардың мүддесі. Бұл фактордың пайда болуы - объективтік жағдай, демография және ұлттық сананың күшейуіне негізделген унитарлық мемлекетке тән даму көрінісі. Сонда да билік басындағылар бұл өзгерістерге әліде реалистік көзбен қарап, бұдан керекті дәріс алмауда.

Егемендiлiгiмiзге, Ел болашағына өлім не өмір дейтіндей, аса маңызды мәселелерді ешқандай талқыға салмай, қоғаммен санаспай-ақ өткізіп жіберулері қауіпті тәжірбие. Бұрын айтылмаған, мемлекеттік маңызы бар шешімдер қабылдануда, арты жақсылыққа апара ма? Бірнеше адам кеңескен шұғыл шешім, миллиондаған халқымыздың келешегінің тамырын балталамас па екен? Кешегі қабылданған шешімдер бізді егемендiлiктен айыра бастайтын жолдың бастамасы емес па? Бүкіл басқару жүйесінің цифландыру алаңын басқа бір елдің Сбербанк жүйесіне бере салу Тәуелсіз мемлекеттің шешіміне жатады ма? Ресейдің Президенті осы шешімге үлкен ризашылығын білдірді біздің басшыларымызға. Сол кездегі жүзі, қақпақсыз қалған қазаннан, каймаққа тойған мысықтай еді...

**Бейбіт КҮЛМАҒАМБЕТ,**
**Қарағанды қалалық мәслихатының депутаты**

# «АҚ ЖОЛ» ТАУАРҒА ІЛЕСПЕ ЖҮКҚҰЖАТ МӘСЕЛЕСІН ШЕШУДІ ҰСЫНДЫ

**«Ақ жол» Мемлекеттік кірістер комитетіне тауарға ілеспе жүкқұжат параметрлерін қайталайтын есептілікті синхронды түрде жою туралы мәселені шешуді ұсынды. Бұл туралы Мәжіліс депутаты Е. Өмірғали ҚР Қаржы министрі Е.Жамаубаевқа жолдаған депутаттық сауалында айтты.**

«Ақ жол» демократиялық партиясына кәсіпкерлік субъектілерден тауарға ілеспе жүкқұжатты (бұдан әрі - ТІЖ) рәсімдеу жөніндегі проблемаларға қатысты көптеген өтініштер келіп түсуде. ТІЖ өзінің тек электрондық нысанына қарамастан, толыққанды бастапқы бухгалтерлік құжат болып танылады және тауарға ілеспе құжаттар пакетінің құрамына кіреді. Бұл сатушы (импорттаушы) салық және кеден органдарына қағаз жүкқұжаттарын ұсынбай, тауарларды әкелу немесе жөнелту кезінде ТІЖ қолдана алатындығын білдіреді. ТІЖ-ын қазақстандық кәсіпкерлер мен ұйымдар тауарларды ел ішінде сату, жөнелту, өткізу кезінде; Қазақстанға тауарлар импорты кезінде; тауарларды шетелге экспорттау кезінде рәсімдейді.

Алайда, бүгінгі күні біздің қазақстандық кәсіпорындар жеткізуші-импорттаушылардан жөнелту құжаттарын алдын ала электрондық пошта арқылы ала отырып, импортталатын өнімге ТІЖ жазып беруге мәжбүр. Олардың көпшілігі қойылған талаптармен келісіп, жөнелту құжаттарын ұсынады. Алайда мұны жасаудан бас тартып жатқандар да бар.

Осыған байланысты, қазақстандық кәсіпорындар - біздің салық төлеушілерде ТІЖ шығармағаны үшін айыппұл алу тәуекелі туындайды. Отандық өндірушілер ТІЖ енгізу бухгалтерлердің жұмысын едәуір қиындатқанын, бағдарлама бірқатар параметрлер бойынша электрондық шот-фактураны қайталайтынын, сонымен қатар жұмыс процесін тежейтін көптеген сәйкессіздіктерге ие екенін хабарлауда. Сонымен қатар, кәсіпкерлер бухгалтерлердің қосымша штатына, есептік бағдарламаларды жүргізуге және пысықтауға арналған шығыстарын ұлғайғанын айтуда. Бухгалтерлік есеп жүйесінің өзі жаңа талаптарға әлі бейімделмеген. Дегенмен, жаңа құралды енгізу, теориялық тұрғыдан бұрынғы есеп беруді қысқартумен бірге жүруі керек. Бірақ бұлай болмай тұр.

Бұл жаңашылдықты «пилоттық жоба» ретінде енгізген кезде Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті ТІЖ пайдалану салық төлеушілердің құжат айналымына жұмсайтын шығындарын азайтуға мүмкіндік береді және кәсіпкерлердің жұмысын жеңілдетеді деп сендірді. Сонымен қатар, ТІЖ ҚР «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» заңында көзделген қорларды басқа жаққа беруге арналған жүкқұжаттарды ауыстырады деп болжанды. Қорларды басқа жаққа жіберуге арналған жүкқұжат (Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 562 бұйрығына 26-қосымшаға сәйкес 3-2 нысаны бойынша) бастапқы есепке алу құжатының нысаны болып табылады, оның негізінде қойма қорларын есептен шығару жүргізіледі. Алайда, бұрынғы нысанды ешкім жойған жоқ, онсыз тауарлар есептен шығарылмайды. Бұдан басқа, ТІЖ екінші жыл пилоттық режимде, яғни эксперимент ретінде қолданылатынына қарамастан, Салық кодексінің 176-бабында 2019 жылдан бастап салық төлеушілердің ТІЖ ресімдеу міндеті жүктелген, ал ӘҚБтК-ге әрбір үтір үшін 100-ден 600 мың теңгеге дейін ТІЖ жазып беруді бұзғаны үшін айыппұлдар енгізілген.

Қаржы министрлігі тарапынан ахуалды шынайы бағалаудың және жергілікті кәсіпкерлердің, оның ішінде «Ақ жол» фракциясының депутаттары арқылы берілген дабылдардың арқасында Қаржы министрлігінің басшылығы бірқатар мәселелерде ШОБ-қа бет бұрды, атап айтқанда, бөлшек саудада ТІЖ қолданудың міндетті еместігі туралы мәлімдеді. Кәсіпкерлер мен біздің фракцияның атынан осы шешім қабылданғаны үшін министрлік пен Үкіметке алғыс білдіреміз. Сондай-ақ, өндірістік бизнес үшін есеп берудің бұл түрі үлкен проблемалар туғызады.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде, бизнеске әкімшілік жүктеменің өсуіне байланысты «Ақ жол» демпартиясының фракциясы Мемлекеттік кірістер комитетіне ТІЖ параметрлерін қайталайтын есептілікті ілеспелі түрде алып тастау туралы мәселені қарауды; анықталатын техникалық олқылықтарды жоюды және тауарды есептен шығару және т. б. бірқатар функцияларды шұғыл тәртіппен автоматтандыруды ұсынады.

*Құрметпен, «Ақ жол» фракциясының депутаттары*

**«АҚ ЖОЛ»:**

# БАНКТЕР ҚАРЫЗЫН ТӨЛЕЙ АЛМАҒАН АДАМНЫҢ МҮЛКІН ТӘРКІЛЕГЕН КЕЗДЕ БАҒАЛАУ ҚҰНЫН КЕМІТПЕУІ ТИІС

**ҚР ПРЕМЬЕР–МИНИСТРІНІҢ БІРІНШІ ОРЫНБАСАРЫ А.СМАИЛОВҚА**
**ҚР ҚАРЖЫ НАРЫҒЫН РЕТТЕУ ЖӘНЕ ДАМЫТУ АГЕНТТІГІНІҢ ТӨРАҒАСЫ М.ӘБІЛҚАСЫМОВАҒА**

Екі күн бұрын Алматыда қайғылы жағдай орын алып, банк борышкерін көшіру кезінде бес адам қаза тапты. Біздің фракция келеңсіз оқиға құрбандарының туыстары мен жақындарына қайғырып көңіл айтады. Біз зорлық-зомбылықты кез-келген түріне, әсіресе, адам өлімі орын алған мұндай жағдайларға қарсымыз.

Қылмескердің бұрынғы құқық бұзушылықтары туралы ақпарат бар екенін ескере отырып, құқық қорғау органдарын мұқият тергеу жүргізуге және осы атыстың барлық мән-жайларын анықтауға шақырамыз.

Сонымен бірге, бұл драманың бірқатар жағдайлары тек полиция тарапынан ғана емес, сонымен бірге қаржылық реттеушілер тарапынан да бөлек зерттеуді қажет етеді.

Қайғылы оқиғаның себебі жалғыз тұрғын үй үшін дәрменсіз борышкердің банкпен даудамайы болғандығы белгілі. Ашық көздерден алынған ақпарат бойынша, 121 млн. теңге қарыз болған борышкерден банк бағалау құны 184 млн. теңге жер учаскесі бар тұрғын емес үй-жайды алып қойды, банк ол үй-жайды алу кезінде 96 млн. теңгеге қайта бағалаған (яғни екі есеге аз!).

Осы мүлікке қосымша, банк борышкердің тұрғын үйін де алуға шешім қабылдады.

Бірнеше жылдан кейін банк өз көздегеніне қол жеткізді, қарызданушымен қоса оның кәмелетке толмаған балаларын көшеге қуып, жалғыз баспаналарынан айырды.

Дәл осындай жағдайға кәсіпкерлікпен айналысуға тәуекел еткен немесе жай ғана кредит алған мыңдаған азаматтар тап болуда.

Көптеген борышкерлер көбінесе өз-өзіне қол жұмсауға дейінгі шараларға барады, бірақ бұл жағдайда борышкер қаруды басқа адамдарға қарсы қолданған.

Бұл жағдай халықтың орасан зор кредиттелуіне, оның ішінде Ұлттық Банктің жоғары базалық мөлшерлемесіне, осындай даулар бойынша сот шешімдерінің әділетсіздігіне және сот орындаушылары мен банк қызметкерлерінің ықтимал сөз байласуына тағы да назар аудартады.

Айта кетейік, 2014 жылдан бастап «Ақ жол» фракциясы ондаған рет «Жеке тұлғалардың банкроттығы туралы» заңды әзірлеуді ұсынған болатын, онда амалсыз қалған азаматтардың өмірлік құқықтарына кепілдік беру, оларды баспаналарынан айырмау, балаларын тамақтандыруға және тәрбиелеуге мүмкіндік беру қажеттігі көрсетілуі керек. Несие алар кезде қаржылай жағдайларына дұрыс мән бермей, несие жарнамасына бойы алдырғандарына қарамастан, оларды аштық пен кедейлікке итермелеу керек емес.

2015 жылы мемлекеттік органдардың бас тартуына байланысты біз тіпті өз заң жобамызды әзірледік, оны Үкімет бұғаттады. Бірақ уәкілетті органдардың өздері бұл құжатты қабылдауды үнемі кейінге қалдырады.

Кешегі құрбандар - мыңдаған шағын кәсіпкерлер мен қарапайым борышкерлердің жағдайына немқұрайлы қараудың тікелей нәтижесі.

Банктің әрекетін түсінуге болады, өйткені оның міндеті – ақша табу. Алайда, дәрменсіз борышкердің кепіл мүлкін алып қою кезінде бағалау құнынан ауытқу 10-15%-дан аспауға тиіс, өйткені кепілге ресімдеу кезінде мұндай мүлік бастапқы кредит сомасының 30-40%-ға төмендетіледі.

Осыған байланысты Қаржы нарығын реттеу агенттігіне банктердің іс-қимылдарынан қорғансыз болып көрінетін борышкерлердің алып қойылатын мүліктің құнын төмендету бойынша банктердің мүмкіндіктерін шектеу қажет деп санаймыз.

Сондай-ақ, сабын көпіршігі секілді кредит сомасын жасанды көбейтуді тоқтату үшін кредиттер бойынша мөлшерлемені төмендету қажет, ол үшін бүгінде кез келген жағдайда инфляцияны тежемейтін, бірақ ЕДБ мөлшерлемелерінің барабар жоғары болуына себеп болатын Ұлттық Банктің базалық мөлшерлемеге қатысты саясатын қайта қарау қажет.

Кешегі жағдайдың ескере отырып, осы проблеманы кешенді түрде шешу керек.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде «Ақ жол» ҚДП депутаттық фракциясы келесіні талап етеді:

1. ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне қарыз алушылардың заңды құқықтарына қысым жасауына жол бермей, банктердің мүлікті бағалауын төмендету мәселелерін шұғыл пысықтау;

2. Кепілге салынған мүлікті өткізу кезінде банктердің лауазымды адамдарының және сот орындаушыларының сөз байласу мүмкіндіктерін болдырмау;

3. Болашақта осындай қайғылы жағдайды болдырмайтын «Жеке тұлғалардың банкроттығы туралы» заң жобасын жедел әзірлеу.

**Құрметпен,**
**«Ақ жол» ҚДП депутаттық фракциясы**

# ИНВЕСТОРЛАРДЫҢ ЗАҢДЫ МҮДДЕЛЕРІ ҚОРҒАЛСЫН

**«Ақ жол» экономикалық айналымға күйреген кәсіпорындардың активтерін қайтаратын инвесторлардың заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуді талап етеді. Бұл туралы ҚР Қаржы министрі Е. Жамаубаевқа депутаттық сауалды Мәжіліс депутаты Дания Еспаева жолдады.**

«Ақ жол» ҚДП фракциясының депутаттарына Қарағанды облысының Абай тігін фабрикасының басшылығы жүгінді. Салық органдары зауытты жоғары тәуекел дәрежесіне жатқызуына байланысты оның жұмысы тоқтап қалды. Осы зауытқа қатысты жағдайды ескере отырып, аталмыш әдістеме бойынша кейбір тұжырымдар жасау қажет деп санаймыз.



Салық төлеушілерді санаттау жүйесі ҚР Қаржы министрлігінің ережелеріне сәйкес енгізілді, онда тәуекел дәрежесі ашық деректер бойынша да, құпия ақпарат бойынша да белгілі бір өлшемшарттар бойынша айқындалады. Өтініште көрсетілгендей, Абай тігін фабрикасына 2021 жылғы шілдеде жоғары тәуекел дәрежесі берілді. Осыған байланысты оның қызметіне бірқатар шектеулер қойылды, олардың ішінде мемлекеттік сатып алуларға және жер қойнауын пайдаланушылардың сатып алуларына қатысу мүмкіндігі, шекті қатаң салықтық әкімшілендіру және т. б. бар. Сонымен бірге, Ережелер бұл кәсіпорынның 24 жыл бұрын жабылған, қала құрушы кәсіпорынның орнына нөлден бастап қайта құрылғанын ескермейді. Бұл кәсіпорынды қалпына келтіру үшін инвестор ғимараттар мен жабдықтарды жөндеуге, кадрларды тартуға және тоқтап қалған өндірісті қайта бастауға айтарлықтай шығындар жұмсауда. Фабрика өнімі (арнайы киім) ең алдымен жер қойнауын пайдаланушылар үшін арналған, алайда кәсіпорынды тәуекелдің жоғары дәрежесіне жатқызу нәтижесінде ол осы нарықтағы орнынан айырылып, банкроттыққа ұшырау қаупінде тұр.

Салық органдарының есептеріне сәйкес фабриканы жоғары тәуекел дәрежесіне жатқызудың негіздемесі «Салық есептілігінде бірнеше салық кезеңдері бойындағы залалдарды көрсету» - 3 балл, «Салық жүктемесі» - 2 балл, «Бір қызметкерге орташа айлық жалақы» - 1 балл болды. Сонымен қатар, зауытқа кәсіпорынның қол жетімділігі жоқ жабық критерийлер бойынша теріс ұпайлар берілген. Осының салдарынан кәсіпкерге тәуекелдің жоғары санатынан қалай шыға алатынын түсіндіруден бас тартылған. Компания мұндай тәсілмен келіспейді, өйткені қолданылатын тәуекелді жатқызу жүйесі бұрын банкротқа ұшыраған өндірістік объектілер мен стартап жобаларды қалпына келтіру, реновациялау жағдайын ескермейді. Кез келген өндіруші жобаны іске қосудың алғашқы 3-5 жылында, шығынсыздық нүктесіне шыққанға дейін барлық қаражат негізгі құралдар мен жабдықтарды сатып алуға (немесе қалпына келтіруге), сондай-ақ персоналды даярлауға кететінін айтады. Тиісінше, рентабельділікке қол жеткізгенге дейін және инвестицияларды қайтарғанға дейін бизнес объективті түрде таза пайда таппайды, бірақ компания тұрақты жұмыс істейді және адамдарды жұмыс орындарымен қамтамасыз етеді. Ал таза пайданың болмауы жалақыны көтеру және КТС төлеу бойынша мүмкіндіктерді шектейді, бұл тәуекел санатына теріс әсер етеді.

Салық қызметкерлерінің қолданыстағы тәсілімен кәсіпкерлер қайта жандандыруға тырысатын кез-келген стартап-жоба немесе кәсіпкерлер қайта жандандыруға тырысатын кәсіпорын осындай жағдайлар бойынша ерекшеліктерді ескермейтін ережелердің бюрократиялық бейімділігіне байланысты жойылады. Олай болса біздің барлық қалаларымыз бос ғимараттарға толады, олар жаңа банкроттық қаупі бар қайта құру мағынасын жояды. Біздің ойымызша, бұл әрекет Президент Қ.Тоқаевтың Жолдауына тікелей қайшы келеді. Себебі Президент жолдауында қираған кәсіпорындардың бұрын шығарылған активтерін экономикалық айналымға қайтаруды қамтамасыз ету туралы тікелей тапсырма берілді. Егер салық органдарының жоғарыда аталған Ережелері әлі де жаңа банкроттыққа әкелетін болса, бұл тапсырманы қалай орындауға болады. Сонымен қатар, тәуекел дәрежесін беру кезінде жабық көздерден алынған ақпаратты қолдану үлкен күмән тудырады. Өйткені Конституцияға сәйкес оның құқықтары мен мүдделеріне қатысты құжаттармен және ақпарат көздерімен танысу мүмкіндігіне ие болуы, ал бұл азаматтардың мүдделеріне нұқсан келтіреді, сонымен қатар сыбайлас жемқорлыққа әкеледі.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде «Ақ жол» депутаттық фракциясы төмендегілерді сұрайды:

1) Стартап жобаларды, сондай-ақ бұрын банкротқа ұшыраған кәсіпорындарды жаңғыртуды, реновациялауды немесе қайта бейіндеуді ескере отырып, «Тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану ... ережелерін» қайта қарау.

2) Бұрын күйреген кәсіпорындардың активтерін экономикалық айналымға сатып алатын және қайтаратын инвесторлардың заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету.

**Құрметпен, «Ақ жол» фракциясының депутаттары**



# ОБЛЫС ӘКІМІМЕН ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ

**Жамбыл облысының әкімі Бердібек Сапарбаев Байзақ ауданына барып, халыққа көрсеткен көмектері үшін «Ақ жол» демократиялық партиясына алғыс айтып, өңірдің жағдайын баяндап, Мәжіліс депутаттарының бірқатар сұрақтарына жауап берді.**

Атап айтқанда, облыс басшысы кәсіпкерлерге көмек көрсетуге әлі күнге дейін Қаржы министрлігі тосқауыл болып жатқанын, кәсіпкерлердің өз нысандарын осындай тәуекелдерден өз бетінше сақтандыру қажет екеніне сілтеме жасап жатқанын хабарлады.

«Қалай болғанда да осы жағдайдың себебі мемлекеттік объектідегі ТЖ және кез келген объективті сот бұл жағдайда мемлекеттің жауапкершілігін мойындауға міндетті деген біздің қарсылықтарымызға Бердібек Машбекұлы кеше ғана Үкіметте осындай түсінікке қол жеткізгенін және Премьер-Министр тиісті тапсырмалар бергенін айтты» - деп жазды А. Перуашев телеграм каналында. Осылайша, жақын арада кәсіпкерлерге зардап шеккен бизнес нысандарын қалпына келтіруге қажетті көмек көрсетілетін болады. Азат Перуашевтің жазуынша, қалған ғимараттар мен тұрғын үйлерді жөндеу жылу беру маусымына қарай аяқталады, ал қалпына келтірілетін екі мектеп қысқы демалыстан кейін оқушыларды қабылдайды.

Сонымен қатар, кездесу аясында блогерлерге қатысты қылмыстық іс туралы облыс әкімі полиция органдарының ақпараты бойынша құжаттар сараптамаға тапсырылатынын, сыни сәтте олардың жарияланымдарында дұрыс емес ақпараттың болғанын-болмағанын анықтауы тиіс екенін хабарлады. Олардың ешқайсысы күдікті емес, деп сендірді Б.Сапарбаев.

Сондай-ақ, «Ақ жол» ҚДП жергілікті активімен кездесуде көтерілген құрғақшылық және мал шаруашылығы үшін жем-шөппен қамтамасыз ету мәселелері; кәсіпкерлердің мемлекеттік кәсіпорындар арасынан тапсырыс берушілердің жеңіп алған тендерлер бойынша орындалған жұмыстар үшін ақы төлеу мерзімдерін бұзуы туралы шағымдары талқыланды.

Атап өту керек, фракция депутаттарының бір күндік жалақысынан бөлек, «Ақ жол» демократиялық партиясы Жамбыл облысы Өрт сөндіру қызметінің ардагерлер қауымдастығына 1 млн. теңгеден астам қаражат аударғанын, қаза тапқан және жараланған құтқарушылардың отбасыларына көмек көрсету үшін қаражат жинаған болатын.

Бердібек Сапарбаев Үкімет қаза тапқандардың отбасыларына 10 млн. теңгеден көмек, облыс әкімдігі тағы 5 млн. теңгеден бөлгенін айтты. Бұдан басқа, ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің және Қаржы министрлігінің қолдауымен қаза тапқандардың отбасыларының барлық несиелері есептен шығарылып, балаларға арналған тұрғын үй және білім беру мәселелері шешілуде.

# АҚЖОЛДЫҚТАР ЖАРЫЛЫСТАН ЗАРДАП ШЕККЕНДЕРГЕ ЖЫЛУ СЫЙЛАДЫ

Арыс апатынан сабақ алмау салдарынан болған Жамбылдағы жарылыстың 17 адамның өмірін қиып кеткені өте ауыр қайғы болды. «Ақ жол» партиясы ең алғашқы болып, зардап шеккендерге көмек көрсетті.

«Ақ жол» партиясы таяп қалған қыстың алдын алып, Жамбылдағы жарылыстан зардап шеккен үш ауылдағы жағдайы төмен отбасыларға екі вагон көмір таратты.

Жамбыл облысы Байзақ ауданына «Ақ жол» партиясы басшылары, Мәжіліс депутаттары Азат Перуашев, Қазыбек Иса, партияның тексеру комиссиясы төрағасы Болат Өтепбаев, «Ақ жол» партиясы Жамбыл облыстық филиалы төрағасы Асан Қошмамбетов және өңірдегі мәслихат депуттаттары мен партия белсенділері барып, халықтың жағдайын біліп, арыздарын тыңдады.

«Ақ жол» бізге жылу сыйлады! Көмірлеріңіз өмірлерімізге қуат бере берсін!» –деген ауыл тұрғындары ақжолдықтарға шын ықыласын білдіріп, алғыстарын айтты.

# АВТОБУС ТАСЫМАЛЫНА БӨЛІНГЕН ҚАРАЖАТ ҚАЙДА КЕТТІ?

**Мәжіліс депутаты С. Ерубаев ҚР Премьер–Министрінің бірінші орынбасары Ә.Смайыловқа депутаттық сауал жолдап, автопарктер мәселесін көтерді.**

2021 жылғы 14 сәуірде «Ақ жол» партиясының парламенттік фракциясы автобус тасымалындағы күрделі жағдайды сауықтыру, соның ішінде жұмыс істеп тұрған автопарктерге тиесілі субсидияларды төлеу бойынша шұғыл шараларды қабылдау қажеттілігі жөнінде Үкіметке депутаттық сауал жолдаған болатынБЫЗ. Сол сауалға берген жауапта, вице-премьер Р.Склярдың айтуынша, 2018-2020 жылдарда бюджеттен автопарктерді субсидиялауға 100 млрд-тан астам теңге қарастырылған болатын және де жаңа автобустар лизингпен сатып алуға 57 млрд. теңге бөлінген. Алайда, еліміздің әр өңірлерден түсіп жатқан өтініштеріне орай, сондай-ақ аталған мәселе бойынша сайлаушылармен кездесу барысында жолаушылар тасымалдау саласында жағдайдың өзгермегендігіне көзіміз жетіп, мәселені қайта көтеруге мәжбүр болып отырмыз.

Тығырыққа тіреліп, банкроттыққа ұшыраудың алдында тұрған тасымалдаушылар бірнеше қалаларда ереуілге де шығып үлгерді, мұндай ақпарат Ақтобе, Шымкент, Петропавл қалаларынан түсуде. Өйткені, жергілікті атқарушы органдар бекіткен тарифтер салдарынан, субсидиясыз автобус жүргізушілерге жалақысын төлей алмауы, оның үстіне сатып алынған жаңа автобустарға лизинг бойынша Үкімет тарапынан субсидиялардың төленбеуі жығылғанның үстіне жұдырық болып жатыр. Мысалы, Семей қаласындағы екі жыл бойы қызметін сәтті атқарып келген автопарк, қажетті қаражат алмағандықтан, соттың шешімімен банкрот болып жарияланып, кредитке алған техникасы түсініксіз жолмен басқа мердігерге берілді. Ал, Үкіметтің жауабында көрсеткен 100 млрд. субсидия мен 57 млрд. лизингке арналған қаражат қайда сонда?

Ең қызығы, аталған автопаркке екі жыл бойы төленбеген субсидияларды жаңа мердігерге қала басшылары бір сәтте 520 млн.теңге мөлшерінде берілген. Бұл қаражат қайдан шыққаны және бюджетте жаңа мердігерге арнайы сақталып отырған ба деген сұрақтар туындайды. Әрине, біз банкроттыққа ұшыраған автопаркті ақтаған жоқпыз, соттын шешімі бойынша, оның де кінәсі бар шығар. Ал бірақ, бұндай практика кең таралса, басқа да қалаларда қолдаусыз қалған автопарктердің тағдыры алаңдатады. Бұл аса маңызды әлеуметтік мәселені шұғыл түрде шешпесек, көптеген адамдар жұмыс орнынан айрылып, автобустар инфрақұрылымын тежеп, қарапайым тұрғындардың күнделікті жүріс-тұрысына кедергі болып, халықтың наразылығын тудыруы мүмкін.

Осыған байланысты, құрметті Әлихан Асханұлы, «Ақ жол» фракциясы:

- Өткен үш жыл ішінде республикалық және жергілікті бюджеттен бөліңген қаражаттың қаншасы тікелей автобус парктеріне жеткендігі, ал қаншасы әлі күнге дейін әкімдіктің қорында игерусіз жатқаны туралы ақпарат беруіңізді сұраймыз.

- Сонымен қатар, қарастырылған қаражатты тиісті мекемелерге жеткізбегенінің нәтижесінде, автопарктер банкроттыққа ұшырағанда жауапкершілік кімнен сұрауымыз керек.

- Және де 2022-2024 жылдарға арналған бюджетте осы бағытта қанша қаражат қарастырылатындығы жөнінде мәлімет беруіңізді сұраймыз.

**Құрметпен,**
**«Ақ жол» ҚДП фракциясының депутаттары**

№36-37 (958-959) 27.09.2021 jyl
ҚАЗАҚ ҮНІ
www.qazaquni.kz



## Асқар ЫДЫРЫСОВ, Сәтбаев қаласының әкімі:

# АНА ТІЛДІ ҮЙРЕНЕ АЛМАУ

**СҰХБАТҚА СЕБЕП. Әдетте әкім-қаралармен әңгіме, сұхбат шаруашылық, экономикалық, әлеуметтік мәселелер төңірегінде өрбиді. Сәтбаев қаласының әкімі Асқар Абылайұлы Ыдырысовпен мәдениет, өнер, жалпы руханият қақында ой бөлісуді ұйғардық. Неліктен? Себеп қандай?**

**Әкімдер тағайындалатын кезде елдің арасынан өздерінен бұрын олар туралы сөздер тарайды. 2016-ның қаңтарының орта шенінде «қалаға жаңа әкім келе жатыр екен», «өзі қазақшаға шорқақтау, орыснамайлау жігіт көрінеді» деген сөздер гу-гу тарап жатты. Әрине, мұндай «анықтамаларды» құлағың шалғасын «Қасиетті Қаныш атындағы қаланың тізгіні кімнің қолына тиетін болған?» дейтіндей алаңкөңіл күйге түскеніміз де рас. Содан бері бірнеше жылдың жүзі ауды. Рас, алғашында аздап кібіртіктеп қалатыны байқалатын әкім қазір қазақшаға қамшы салдырмайды. Мәдениет пен өнер саласында атқарылған істер жетерлік, алдағы уақытқа жоспарланған жобалар да баршылық. Ендеше, неге әкімді аталмыш тақырып төңірегінде әңгімеге тартпасқа? Ол ойларын ортаға салсын, өзгелер ойлана жатса тіпті, құба-құп.**

**– Асқар Абылайұлы, өзіңізбен әңгімені қарапайым сұрақтан бастасақ, мектепте қазақша оқыдыңыз ба?**

– Жоқ, орысша оқыдым. 1980-ші жылдардың орта тұсында жалпы еліміздегі секілді Жезқазғанда да орыс тіліне басымдық берілетін. Заман солай болды. Менің қуанатыным, мектеп – орысша болғанмен, үй – қазақша болды. Сондықтан мен өзімді ана тілінен алшақ өстім демеймін. Кейін институтта да орысша оқыдық. Әрине, жүрген ортаның әсері қанша дегенмен тиеді. Бірақ, әлі күнге шейін «мектепте, институтта орысша оқыдық, сосын қазақшаны қайдан білеміз, қалай үйренеміз?» дейтін замандастарды түсіне алмаймын. Ынта, ниет болса еңсерілмейтін қиындық жоқ.

Тіл де солай. Кім болса да өзінің ана тілін үйрене алмауы мүмкін емес. Мен осында әкім болып келген кезде қазақша сөйлегенде кібіртіктеп қалатынмын. Мұны жасырғым келмейді. Қатардағы азамат ретінде сөйлеу бар да, басшы ретінде сөйлеу бар. Өйткені, ел қарап отырады. Және жай отырмай, сынап отыратыны белгілі. Сондықтан, қазақша барынша таза сөйлеуді өзімнің алдыма мақсат етіп қойдым. Сол мақсатыма қаншалықты жете алғанымды қайдам, бірақ, мақтанғаным емес, көрші қаланың ақсақалдары «сендердің әкімдерің қазақшаны қағазға қарамай-ақ әдемі сөйлейді екен» депті. Мұны маған өзіміздің ақсақалдардың бірі айтып келді. Расы керек, естігенде кәдімгідей қуанып қалдым.

**– «Мектеп – орысша, үй – қазақша болды» дегеніңізді кеңірек айтсаңыз...**

– Бұл былай ғой енді... Менің әкем де, анам да облыстық деңгейдегі қызметкерлер еді. Әкем ауылшаруашылығы, анам қаржы саласында қызмет істеді. Бір ғажабы, ол кісінің екеуі де руханиятқа жақын жандар еді. Әкем өлең жазатын. Анам болса, Лермонтов, Пушкин және т.б. шығармаларын мәнеріне келтіріп жатқа оқығанда, таң қалатынбыз. «Мама, мұғалім емессіз ғой, бұларды қайдан білесіз?» дейтінбіз. Сондайда анамыз «Әкелерің өлең жазғанда мен ақындардың жазғанын жаттай алмаймын ба?» деп күлетін. Сосын әрбір адам өзінің негізгі мамандығы қандай екеніне қарамастан әдебиетті, мәдениетті, өнерді сүйіп әрі бағалай білуі керек деп отыратын. Бізден де соны талап ететін.

Сосын бізге «үлкеннің алдынан кесе өтпеу», «біреудің ала жібін аттамау» керектігін құлағымызға құйып отыратын. Үйге кісі келсе, алдынан шығып сәлем беру – жазылмаған заң болатын. Біз сондай өнегемен, тәрбиемен өстік. Содан жаман болғанымыз жоқ.

**– Бір сөзіңізде «әкем домбыра класына мәжбүрлеп апарды» деп едіңіз...**

– Расы солай. Өзі руханиятқа жақын болғасын ба, әкеміз біздің де мәдениет пен өнерге жақын болғанымызды, заманға сай күшті, жігерлі, қайратты болып өскенімізді қалады. «Боксқа барасың. Чемпион болуың міндет емес. Кейін өзіңді қорғауға және жәбірленіп жатқан біреуді көрсең араша түсуге міндеттісің» деді. Қуана келістім. Ал, домбыра класына барасың дегенде, шынымды айтайын, соншалықты жақтыра қоймадым. Неге? Өйткені, домбыра емес гитара тарту сәнге айналған кез еді ғой. Бірақ әкең айтып тұрғасын, не істейсің, көнесің. Сөйтіп, домбыра сыныбын ықыласссыздау аттадым. Дегенмен, тамырда бар нәрсе бүлкілдеп сыртқа тепкен болу керек, көп ұзамай домбыраны жап-жақсы меңгеріп кеттім.

Жезқазғанда міне, отыз жылдан аса уақыттан бері «Ұлытау үні» атты өнер фестивалі өтіп келеді. Мен осы фестивальдің ең алғашқы лауреаттарының бірімін. Қалай дейсіз ғой? Фестивальдің жас өнерпаздар байқауына күй тартып қатысқан едім. Қазылар алқасы мақтады, сыйлыққа сол кезде Жезқазғаннан қытай кәсіпкерлері шығарып жатқан қолсағат сыйлады. Бұл маған үлкен күш берді, домбыраға деген ынтамды арттырып жіберді. Өзімнің домбыра сыныбына қалай барғанымды ұмытып, қатарластарыма, өзімнен кіші балаларға домбыра тарту керектігін айтатын болдым.

**– Қазір енді Домбыра күнінде қала сахнасына оркестрге қосыла шығып жүрсіз...**

– Есейе келе Қадыр ақынның «Нағыз қазақ қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра» деп неге айтқанын түсіндім. Менің ойымша, домбыра әрбір қазақтың төрінде тұруы керек. Домбыра қосылып салған ән де әдемі, тартқан күй де арында.

Ия, жыл сайын қаламызда Домбыра күніне орай ұйымдастырылатын іс-шаралардан өзім де сырт қалмаймын. Мұны домбыраны насихаттаудың бір жолы деп білемін. Сол концерттік бағдарламаны тамашалауға келген әрбір көрерменнің үйіне барғасын, жақын-жуықтарына кездескенде «әкімнің өзінің домбыра тартып отырғанын» айтпауы мүмкін емес қой.

**– Негізі күй тартасыз ғой...**

– Ия. Дегенмен, былтыр Абай атамыздың тойында алғаш рет ұлы ақынның әнін домбыраға қосылып айттым. Қала ақсақалдары бас қосқан жиында. Әкімдері ән салып берген соң, ақсақалдар риза болып қалды. Содан кездесу соңына таман мен де қолыма домбыраны алып, орыстың «Коробейники» дейтін халық әнінің сазын шерте жөнелгенімде, кездесуге жиылғандар қол соғып отырды. Міне, осылайша домбыра достықтың дәнекеріне айналады. Кездесу соңынан бір жігіт келіп, «домбыраға орыстың әндерін де салуға болады екен ғой» деп, таңданысын жеткізді.

**– Ұлы Абайдың әнін домбыраға қосылып айтқан кезіңізге өзім де куә болғанмын. Бұл – қалада Абай мүсінін орнатуға байланысты ақсақалдарды ақылдасуға шақырған кезіңіз еді ғой.**

– Дұрыс айтасыз. Жезқазған-Ұлытау аймағында алғаш рет біздің қалада Абай аллеясы ашылды. Бүгінде қала халқының тамаша демалыс аймағына айналды. Біз аллеяның мазмұны, мәнді болмағы үшін қаланың ақсақалдарымен, зиялы қауымымен бірнеше мәрте кездесіп, жобамызды таныстырып, ескерту, ұсыныстарды ескере отырып, жетілдірдік. Аллеяға дана, абыз бабамыздың 45 нақыл сөзін тақтайшаға жаздырып іліп қойдық. Әсіресе, ақын мүсіні көңілге барынша қонымды болғанын қалағандықтан, жасалған жобаны бірнеше мәрте сүзгіден өткердік, тіпті, жергілікті чаттар арқылы да талқыға ұсындық. Әрбір пікір ескерілді. Нәтижесінде, қойылған мүсін көптің көңілінен шықты. Биыл Домбыра күнін алғаш рет Абай аллеясында өткіздік. Бұл енді қаланың өзіндік бір дәстүріне айналады. Мүмкін алдағы уақытта Абай күні мерекесінде бұл жерде поэзия сағатын өткіземіз. Ұлы тұлғаларға орнатылатын ескерткіш, мүсін оларға емес, бізге керек. Ұлтымыздың ұлы перзенттері арқылы біз өзімізді, ұрпағымызды тәрбиелейтін боламыз. Егер менің фейсбук парақшама көз салсаңыз, Абай атаның мүсіні алдында тұрған суретімді көрер едіңіз. Ұлы ақынға деген құрметімді осылайша да жеткізгім келді. Әрі бір жағы тарихи сәтті еске салып тұрады.

**– Қаланың қалыптасқан өзіндік дәстүрлері бар ма? Бұл туралы не айтар едіңіз?**

Биыл бізде 1 мамыр күні әдеттегіден ерекшелеу іс-шара өтті. Мен бөлімдегі қызметкерлерге мерекеге орай ұйымдастырылатын дөңгелек үстелге қаладағы тек мемлекет тілін білетін өзге ұлт өкілдерін шақыруды тапсырдым. Мұның да екі жағы бар еді. Біріншіден, ешқандай айқай-шусыз өз талаптарымен мемлекет тілін меңгеріп алған азаматтарға деген ризашылық білдіріп, құрметтеу, екіншіден, солар арқылы мемлекет тілін насихаттай түсу. Ең қызығы, олардың арасында домбыра шертетін де жастар бар екен. Шәмші ағамыздың әндерін еркін орындайды екен.

– Әрине. Жыл сайын 12 сәуір – біз үшін аса қастерлі күн. Өйткені, бұл күн –Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың туған күні. Соған орай әртүрлі іс-шаралар ұйымдастыру біздер үшін бұлжымас заң, қалыптасқан дәстүр. Әр жылы әрқалай. Кейінгі кезде бірде Қ.Сәтбаевқа арналған халықаралық ғылми- тәжірибелік конференция өткізсек, енді бірде атақты жазушы Медеу Сәрсеке ағаны қонаққа шақырдық. Сол сияқты ақын, жыршы, термеші Шынболат Ділдебаевтың туған күніне орай «Шынболат оқулары» өткізу, т.б. іс-шаралар қолға алынады. Соңғы бірер жылда кезінде қалаға еңбегі сіңген, бірақ дүниеден өткен соң есімдері көмескілене бастаған ардақты азаматтарды еске алу тұрғысында «Жоғалмайтын жұлдыздар» атты жоба тұрақты түрде қолға алына бастады. Меніңше, бұл өте керек. Осы жоба аясында кен өндірісінің майталманы Садық Асатов, хирург-дәрігер Еңбекшіл Орынғалиев, композитор Омархан Несіпханов, ақындар Қуаныш Ахметов, Свет Оразаев, Аманғали Ербозовты, республикада ең бірінші болып отбасылық Балалар үйін ұйымдастырған Мәруа Құлышева апайымызды халыққа қайта таныстырдық. Биыл да жалғасын табатын жоба осылайша қаланың тағы бір өзіндік дәстүріне айналады деп сенемін.

**– Сіз айтпасаңыз да біз айтайық. Мемлекеттік мерекелерге орай өтетін салтанатты жиындарда құттықтау сөзіңізде Сіз жергілікті ақындардың өлең жолдарын, жазушылардың сөздерін кірістіріп отырасыз. Мұны да қаладағы өзіндік ерекшелікке балауға бола ма, болмай ма?**

– Бұл жағын енді көпшілік бағалай жатады ғой. Ал, әлгіндей құттықтау сөз сөйлегенде жергілікті ақындарды, жазушылардың шығармашылығынан мысал келтіру туралы ой қайдан келді? Қалаға басшы болып келген соң аппараттағы жігіттерден жергілікті ақын, жазушылар, өнер адамдары туралы сұрадым. Олар әрине, бірнеше есімдерді атады. «Осы кісілердің қандай өлеңдерін, сөздерін білесіңдер» десем, үндемейді. Әрине, бәрін жатқа білу мүмкін де, міндет те емес. Бірақ, олардың шығармашылығын ең алдымен, біздер, жерлестері білуіміз керек қой. Егер салтанатты жиындарда қала басшысы олардың сөзін мысалға келтіріп айтатын болса, бұл біріншіден, сол авторлардың шығармашылығына деген құрмет, екіншіден, әкім айтып тұрғасын басқалар да сол ақынның, жазушының шығармасына ден қойғысы келеді.

«Қаланың дәстүрі» деген тақырыпты әрі қарай тереңдете түссем, қалаға басшы болып кел-

# МҮМКІН ЕМЕС

генде бұрыннан қалыптасып қалған, жақсы нәрсені жоғалтып алмауға ұмтылдым. Мысалы, қалада қобызшылардың Ерден Сандыбайұлы атындағы республикалық байқауы өткізіледі екен. Тамаша ғой! Сол тамашаны одан әрі жалғастырып, ұлттық аспапта орындаушылар байқауына айналдырдық. Яғни, бұрын тек қобызшылар ғана бақ сынайтын болса, енді олардың қатарына сыбызғыда, сазсырнайда, жетігенде ойнайтындар қосылды.

Ақын, композитор Тайжан Қалмағамбетов атамыз кезінде Мәскеуде өткен Қазақстан мәдениеті мен өнерінің онкүндігін сырнаймен ашқан адам. Қалада өткізіліп келген сол кісінің атындағы дәстүрлі әншілердің республикалық байқауы үзіліп қалған жоқ, өз жалғасын тапты. Осы байқауға бас қазы болып келген әнші Қайрат Байбосынов ағамыз құттықтау лебізінде: «Кен өндіретін өнеркәсіптік қалада халқымыздың дәстүрлі өнеріне деген зор құрметті көріп, көңілім толқып тұр» деген болатын. Ағамыздың неге бұлай дегені түсінікті деп ойлаймын.

– **Бұрыннан бар нәрсені жоғалтып алмаған әрине, өте жақсы. Дегенмен, олардың қатары жаңамен толығып жатса тіпті, дұрыс емес пе?**

– Біз ұлттық руханият мәселесі әкімдердің күнделікті айналысатын нақты міндеттерінің бірі екенін ұмытпауымыз керек. Көп нәрсе осыған байланысты. Өзі басшылық жасайтын өңірдің рухани әлемі қандай? Әкімнің ойында осындай сұрақ үнемі жүргені дұрыс.

2018 жылы Шынболат Ділдебаев ағамыздың 80 жылдық мерейтойы өтетін болды. Тойды барынша мәнді, мазмұнды өткізу ойластырылды. Шығармаларының толық жинағын шығару көзделді. Дұрыс. Ол кісінің термеші, жыршы екендігі ескеріліп, республикалық деңгейдегі «Текті сөздің төресі – терме» атты байқауды өзімізде өткереміз деп ұйғардық. Жүрсін Ерман ағамызбен хабарласып, әрбір қатысушы Шәкеңнің біз ұсынған бір термесін орындауы тиіс деген талабымызды жеткіздік. Ол кісі келісті. Сөйтіп, 14 облыс пен сол кездегі екі бас қаламызға, Шынболат ағамыздың барлығы 16 терме, толғауы бөліп-бөліп жіберілді. Шәкеңнің аты халыққа айтыспен танылды ғой. Айтысты қалай өткізген жөн? Бұл жөнінде есімі елге әйгілі Аманжол Әлтаев ағамызға хабарластым. Ол мерейтойға шейін бірер жыл бар екенін ескеріп, алдын ала дайындықты биылдан бастап жіберейік деген ой айтты. Бұл 2016 жыл болатын. «Қалай?» деген біздің сұрағымызға Әлекең: «Айтысты жастар арасында насихаттау мақсатында жас ақындар айтысын өткізіп көрейік. Егер бәрі ойдағыдай болап жатса, Шынболат ағамыздың мерейтойы тұсында бәлкім, республикалық деңгейде өткізуді ойластырармыз» деді. Сөйтіп, Тәуелсіздіктің 25 жылдығына орай 2016 жылы алғаш рет облыстық жас ақындар айтысын өткіздік. Айтыс қорытындысында Аманжол ағамыз сахнадан «Елдің ықыласын көріп тұрмыз. Жас айтыскерлердің талабын ұштау мақсатында келесі жылы республикалық деңгейде өткізуге болмас па екен?» деген ой тастап еді, залдағы жұртшылық «дұрыс, дұрыс» деп қолдау танытты. Ойласып көрдік, ақыры, ақынның тілегін жерде қалдырмадық. Ал, 2018 жылы Шынболат Ділдебаевтың 80 жылдығына арналған халықаралық жас айтыскерлер додасындағы қазылар алқасына Жүрсін Ерман төрағалық етті. Пандемия өкінішке орай, осындай дәстүрлерді жалғастыруға кесірін тигізіп жатыр. Егер жағдай дұрысталатын болса, жыл соңына таман қаламызда Жүрсін ағамыздың 70 жылдығын республикалық айтыс жасау арқылы тойлау ойымызда бар.

– **Осындай ірі шаруаларды атқаруға қаланың зиялы қауымының қатысы қалай?**

– Осындай ауқымды шаруаларды әкім немесе оның аппараты өздігінен атқара алмайды. Егер біздің бастамаларымыз жергілікті зиялы қауымнан, жалпы көпшіліктен қолдау тапқанда ғана нәтижелі болмақ.

Біздің қалада өзіңіз жақсы білетін «Шындық» деп аталатын қоғамдық бірлестік бар. Атауына қарасаңыз әлдебір оппозициялық ұйым тәрізді. Өзім де алғашында солай ойлағанмын. Сөйтсем... Шынболат ағамыз өмірден өткен соң қаланың ақын-жазушылары, мәдениет, өнер адамдары бас қосып, қоғамдық бірлестік құрып Шәкеңнің атақты «Шындық» толғауын бірлестік атауына таңдаған екен. Міне, осы «Шындықтың» мүшелері руханият, мәдениет, өнер мәселелеріндегі менің ақысыз-пұлсыз кеңесшілерім деп айтуға болады.Үнемі сол кісілермен ақылдасып отырамын. Пікір тоғысқан жерде оңды шешім қабылданады. Мен сізге қаланың зиялы қауымымен бірлесе отырып атқарылған бар шаруаны емес, тек «Ұлытау» көшесі бойындағы жаңғыруларды айтсам ғана деймін.

Қасиетті Ұлытауға жол біздің қалада «Ұлытау» көшесі арқылы өтеді. Көшенің атауы – тарихи. Бірақ, осы көше бойында ұлт тарихын бейнелейтін ешқандай нысан, белгі жоқ екен. Зиялы қауыммен ақылдаса келе, көше бойынан «Ұлы Даланың Керуен жолы» композициясын аштық. Бұл композицияны жақсы ырымға балап, келген жолаушының «Жолы оң болсын!», «Олжаға кенелсін!» деген ниетпен орнаттық. Тарихи деректерге сүйенсек, қазіргі Сәтбаев қаласы кезіндегі Ұлытауға баратын керуен жолының үстіне орналасқан екен.

Жезқазған -Ұлытау аймағында «Төрт босаға» ұғымы бар. Бұл кезінде елді ел еткен, оның бірлік, ынтымағын қамтамасыз еткен Сандыбай батыр, Қадір, Шегір, Бабыр билердің есімдеріне байланысты. Қаладағы Бабыр би көшесі Ұлытау көшесімен қиылысады. Биыл Бабыр би ұрпақтары Бабаларына әдемі ескерткіш орнатты. Сөйтіп, «Ұлытау» көшесі тағы бір тарихи тұлғамен толықты. Бабыр би кім болған? Оның елге қандай еңбегі сіңген? Оқырмандар тарапынан осындай сұрақ туындауы мүмкін. Бір ғана мысал келтірейін. Кенесары атамыздың сарбаздарының қатарында Бабыр бабаның бауырынан өрген 10 баласы, 12 немересі болған! Осыдан-ақ Бабыр бидің қандай тұлға болғаны түсінікті болар!

Енді қазір осы көше бойынан өлке тарихынан сыр шертіп, өткенге саяхат жасауға мүмкіндік беретін Ұлттық тарих саябағы ұйымдастырылуда. Мұнда аймағымыздағы Алашахан, Жошыхан, Домбауыл, Болған ана кесенелері, Хан ордасы, Аяққамыр секілді тарихи орындардың шағын макеттері орнатылады, әлгінде айтқан «Төрт босаға» атанған төрт тұлғаның барельефі бой көтереді. Саябақта тұрақты түрде экскурсовод жұмыс істейтін болады. Меніңше, бұл жоба қала жастарының тарихты тануға деген ынта-ықыласын арттырады. Тек жастардың ғана емес.

– **Сөзді тілмен бастадық...Енді қаладағы мемлекеттік тілдің жай-күйі туралы аяқтасақ...**

– Баршаға белгілі мемлекеттік тілде сөйлеуге, сол тілде арызшағым жазуға ешқандай кедергі жоқ. Кез келген азамат осы мүмкіндікті пайдалана білсе, тіл туралы артық-кем әңгімелер айтылмас та еді. Жекеменшік құрылымдар тарапынан да түсіністік бар. Біз кәсіпкерлік нысан өкілдерімен халыққа қызмет ету кезіндегі ең көп қолданылатын қарапайым сұрақтарға жауап қайтаратындай сабақтар өткіздік. Мысалы, «Мынау диван қанша тұрады?», «Басқа түрі бар ма?», «Несиеге берсе қалай төлейміз?» т.т. ауызекі әңгімеге ыңғайланған сабақтар нәтижесін беруде. Қазір осы сабақ жалғасып жатыр.

Тәуелсіздік жарияланған 1991 жылы қаламызда 2 қазақ мектебі, қалғаны бірыңғай орыс мектебі болған. Аралас мектеп бола қоймаған. Ал, қазір 13 мектептің екеуі – орыс, бесеуі қазақ, қалғаны аралас тілді мектеп. Барлығы 11700 оқушы блса, осының 8200-ге жуығы қазақша білім алады.

Балабақшалар туралы айтар болсам, 3 балабақша таза қазақша, қалған 11-і аралас. Барлығы 73 қазақша топ бар, мұнда 1800-ге жуық бала тәрбиеленуде. Қазақ топтарына баратын өзге ұлт балалары да бар, бірақ, аздау. Бірақ, бұрын мұндай да болмайтын еді ғой.

Бір байқағаным, өзге ұлт жастары арасында қазақ тіліне деген қызығушылық бар. Менің қабылдау бөлмемде Оксана Кравченко деген келіншек жұмыс істейді. Өзі қазақшаға қамшы салдырмайды әрі өзіміздің келін. Мен бұл баланы Жезқазғанда бір жиында байқап қалып, өзіме жұмысқа шақырдым. Оксана: «Мені көргендер маған орысша амандасады, ал, мен қазақша жауап қайтарғанда таңданып қалады» дейді. Көрдіңіз бе? Көп нәрсе өзімізге байланысты.

«Мен бұрын мектепте орысша оқыдым» деген сылтау айтуға болмайды. Уақыт өтті, жетті. Әркім өз ана тілін үйреніп десе, ынтасы болса, ешқашан кештік етпейді.

– **Сұхбатыңыз үшін көптен-көп рахмет!**

**Әңгімелескен:**
**Абдолла ДАСТАНОВ,**
*Сәтбаев қаласы*
*Қарағанды облысы*

# ОЛЖЕКЕҢ ҚАНДАЙ ҚАЗАҚТАРДЫҢ «АЛМА-АТАСЫН» АЙТУДА?!.

**Белгілі ақын Олжас Сүлейменов «Вечерний Алматы» басылымына берген сұхбатында «Алма-Ата – это чисто казахское название, а суффикс «ты» в Алматы – китайский» деп мәлімдегені қоғамда үлкен дауға ұласты. Қазақтың зиялы қауым өкілдері бұл бастамаға қарсы шығып, өз пікірлерін айтуда. «Қазақ үні» ақпарат агенттігі танымал ақын, Мәжіліс депутаты Қазыбек Исаның осыған қатысты пікірін ұсынады.**



Олжас Сүлейменов ағамыз тағы да баяғы әуеніне басып, қандай қазақтардың «Алма-Атасын» айтуда?

Қазақтар Алматыны бұл қала пайда болғалы бері атам заманнан, «Алмалы», «Алматы»деп атап келе жатыр. Мысалы біздің бағзы бабаларымыздан бізге дейін, балаларымыз да «Алма-Ата» деп атаған емеспіз, «Алматы» деп әнге қосып, жыр арнап келеміз.

Егер Олжекең «Алма-Ата» деп, өзінің тілдестерінің тілінде айтып жүрсе, онда олай «қазақша Алма -Ата» болады, қазақтар бұрыннан осылай атайтын» деп ҚАЗАҚТАРДЫҢ сыртынан жала жабуға болмайды.

Олжекеңнің ойынша, «Алма-Ата» деген «Алманың атасы» деген сөз екен, сондықтан ел бұрыннан «Алма-Ата» деп атағанмыс. «Алмалы», «Алматы» деген атаулар да, «алмалы жер», яғни, «Алманың отаны» деген сөз қазақша.

Ал «-ті», «-ты» жұрнақтарын қиырдағы қытайдан іздемей-ақ, қазақша Шідерті, Мойынты, Сілеті, Тарақты секілді талай атаулардан тауып алуға болады.

Сондықтан «Алматыны» Алма-Ата» деу керек» деп армандау артық.

Ең дұрысы, Олжас ағамызға айтар інілік кеңесіміз, өзі сөйлемейтін тіл туралы сөйлемей-ақ қою керек қой.

**Қазыбек ИСА,**
**Қазақ үні**

# ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БАРЛЫҚ МЕКТЕПТЕРДІ ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ КӨШІРУ КЕРЕК

Қазақстандағы барлық мектептер мен балабақшаларды қазақ тілінде білім беруге көшіру керек. Бұл менің ғана жеке пікірім емес, халықтың айтарлықтай басым бөлігі қолдайды.

Мысалы, былтыр Қазақстан халқы Ассамблеясының отырысында Тараз қаласындағы №34 орта мектеп директоры Динара Нуралиева Жамбыл облысында аралас мектептерде мемлекеттік тілде білім беретін бірінші сыныптар көбейе бастағанын айтқан еді.

– Мектеп директоры ретінде осы орайда өз ұсынысымды жеткізгім келеді. Егер республикамыздың әр өңірінде аралас мектептер кезең-кезеңімен мемлекеттік тілде білім беруге көшсе, сіздер қалай қарайсыздар?! Бұл шешім барлық Қазақстандық балаларды кішкентай күнінен ешқандай бөлінуге жол бермей, қазақ тілін жетік меңгеруге нақты қадам болар еді! «Ел болам десең, бесігіңді түзе»! Бізде бір ғана ортақ – мемлекеттік тіліміз, бір ғана – ұлтымыз, бір ғана – Отанымыз болуы тиіс! – деді ол өз сөзінде.

Ал, еліміздің Білім министрі Асхат Аймағамбетов болса, биылғы жылдың наурыз айында отандық БАҚ-қа берген сұхбатында ата-аналарды балаларын мемлекеттік тілде оқытатын мектептерге беруге шақырды. Оның айтуынша, қазір қазақ тілінде оқытатын мектептер бәсекеге қабілетті, бұған ҰБТ нәтижелері бойынша жоғары көрсеткіштер дәлел.

– Біз үшін ең маңызды міндеттердің бірі – мемлекеттік тілде оқытуды басым ету. Мұнда ешқандай пікірталас болмауы керек, өйткені ол Мемлекеттік тіл, сондықтан біздің еліміздің азаматтары мемлекеттік тілде оқытылуы керек, – деді Асхат Аймағамбетов.

Ал, ҚР Премьер-Министрінің орынбасары қызметін атқарған кезінде белгілі саясаткер Иманғали Тасмағамбетов Үкімет мүшелері мен зиялы қауым өкілдері қатысқан жиында тіл мәселесі туралы айта келіп, Қазақстандағы ешбір ата-ананың қарсы шықпайтынын алға тартып, барлық балабақшаларды қазақ тіліне аударуға бастама көтерген.

Өз баласының болашағын ойлайтын әр ата-ана еліміздегі мектептер қазақ тіліне көшірілсе бұл ойды қолдап, қуаттай түсуі керек. Себебі, ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев та Қазақстан халқына жасаған Жолдауында «Болашағын Қазақстанмен байланыстыратын әр азамат мемлекеттік тілді меңгеруі тиіс» деп қадап айтқан болатын.

Білім министрлігінің 2019 жылғы мәліметінше, елімізде 2046 аралас мектеп бар екен. Алдымен осы мектептерді кезең-кезеңімен мемлекеттік тілде білім беретін қылып көшіре бастаса, ешкім қарсы болмайды деп ойлаймын. Оған мен жоғарыда келтірген билік пен өзге ұлт өкілдерінің сөзі толық дәлел. Оған қоса бізде Мемлекеттік тіл туралы заңның қабылдануына да, білім жүйесінің қазақ тілінде болуына да қарсы шығып жүрген өзге ұлтты көрмедім. Керісінше, былтырғы жылдың қазан айында Қазақстан халқы Ассамблеясының сессиясында барлық этнос өкілдері арнайы Үндеу жариялап, Мемлекеттік тілді міндеттеуге өздері шақырған болатын.

**Азамат ТАСҚАРАУЛЫ,**
*Қазақ үні*

№36-37 (958-959) 27.09.2021 jyl
ҚАЗАҚ ҮНІ
www.qazaquni.kz

**Қазақ әдебиеті тарихында есімі Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов атымен қатар аталатын көрнекті жазушы Ғабдол Слановтың туғанына 110 жыл толды. Кезінде осынау болашақ жазушының тұңғыш фельетонына Ілияс Жансүгіров тамсанған екен. Ал оның тырнақалды очерктеріне Бейімбет Майлин қолдау көрсетеді. Сондай-ақ дарынды қаламгердің алғашқы «Арман ағысы», «Жанартау», «Махамбет» сынды шығармаларын жоғарыда аталған алыптар тобы лайықты бағалайды. Кейіннен оның кітаптарының қатарын «Кең өріс», «Дөң асқан», «Асау арна», «Қызбел» сияқты туындылары толықтырды. Дегенмен, Ғабдол (Ғабдолхамит) Сланов еңбектері туралы талдау мақалалар аса көп те емес. Бір жақсысы, шебер жазушы кезінде ағынан жарылып, өзінің лабораториялық құпиясын біршама ашқан екен. Оқырман назарына Ғабдол Слановтың талай буын ұрпаққа үлгі боларлықтай мақалаларының бірі ұсынылып отыр.**

# Ең жақын досым –

Мен, асылы, сапарда көп болам. Тұтас жарты жыл үйде отырып қалсам, ішкенім ас болмайтындай көрінеді. Әрине, қай жаққа барсам да, оқырмандарыммен әр жерде-ақ бас қоса жүрем. Сонда олардың ең ілкі қоятын сұрағы:

– Қалай жазушы болдыңыз?

– Жазушы болу үшін не істеу керек?

Ал осыған бір ауыз сөзбен жауап беріп көріңіз!

Кейде тіпті:

– Өзіңіз кітаптарыңызды қалай жазасыз? – деген де сұрақ болады.

Маған ең қиыны «жазушы болу үшін не істеу керек» деген сұраққа жауап беру. Ал анау екі сұраққа өз тәжірибемді айтып қана құтылуға тура келеді.

Ең әуелгі өлең шатпақтарымды (1930 жылдары) осы күні қарастырып көрсем, ауызға татырлық дәнеңе де жоқ екен. Сол тұстарда жазылған фельетондарым мен ұсақ әңгіме, очерктерімнің де заман дабылына ғана үн қосқандығы болмаса, әдеби-көркемдік құны шамалы-ақ болыпты.

Өзімше елеулі саналған әдеби тұңғыш еңбегім – «Арман ағысы» 1940 жылы жарық көрді. Менің жазушылық жолымды тап осы туындымнан бастаған жөн-ау деймін. Рас, оның алдында тұңғыш романым «Дөң асқанның» жеке тараулары журналда 1938 жылы басылып жүрді. Бірақ ол бас-аяғы тұйықталған шығарма емес-ті. «Дөң асқан» жеке кітап болып 1941 жылы ғана шықты.

Бірі повесть, бірі роман бастапқы осы екі перзентім бірінен соң бірі дүниеге келген соң ғана өзімді жас та болсам, әйтеуір «жазушы» деген қатарға қосты деп білем.

1931 жылдың басынан 1940 жылдың күзіне дейін тұтас он жылға жуық, әуелі «Еңбекші қазақ», кейіннен «Социалистік Қазақстан» аталған үлкен үйімізде қызмет еттім. Бұл қазақтың ақын-жазушыларына да, беделді журналистеріне де шын мағынасындағы ұстаз болған нағыз қара шаңырақ еді. Менің тұңғыш фельетон, очерк, әңгімелерім Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров, Ғабит Мүсірепов сияқты ағалардың сындарынан өтіп жарық көрді. Мақала, жол көріністерім де сол жылдары көп басылды. Алғашқы әңгімелерім және де сол «Социалистік Қазақстан» беттерінен оқушыларға таныс болды.

«Қара шаңырағымыздың» маған берген көп еді, сол газетте қызметте жүріп көргенім әсіресе көп болды. Оқыдым да үйрендім. Газет коллективі ұстаздық еткен анық мектеп еді. Бәрінен бұрын халық өмірімен тығыз байланысты болдым, сол кездегі үлкен журналист, жазушылардан тікелей үйреніп, сабақ ала бердім.

Жазушылыққа, әр нәрсеге сын көзімен қарап, көрген-білгенімнен түйін түюге баулыған үлкен газет коллективі деп мақтанышпен айта алам.

Иә... Газет қызметінде жүріп өз басым өте-мөте өнеркәсіп орындарын, республикамыздағы алып құрылыстарды түгел араладым. Өндірістердегі екпінді, стахановшылардың істері мен өмірлерін молынан зерттедім. Әдеби тұңғыш екі еңбегім тікелей солардың өмірлерін зерттеу материалдарынан туған-ды.

Айталық, «Арман ағысына» тиек болар бір оқиғаны 1935 жылы Риддерге барғанда естігем. Бір жұмысшының үйінде болғанымда жүдеу ақ кемпір кездесті. Сөйлесе келе ол кісінің Қара Ертістің Қытайға шектесетін жерінен, арғы беттен қашып өткен бір шерлі адам екені білінді. Шерлі болатын себебі: азамат соғысының аяғын ала жас сұлу келіншек кезінде оны ақтар Қытайға зорлап алып кетіпті, ал үш жасар баласы елде қалып қойыпты. Өмір бойы зар шеккен сол әйел қанша заман өтсе де қалып қойған баласын ұмытпай іздеп, Совет жеріне жасырын қашып өтеді. Біз көргенде сол әйел Риддерде, баяғыда үш жасар қалған баласын тауып алған кезі екен. Әрине, баласы жігіт болған, қорғасын-мырыш кенінде жұмыста екен.

Бірақ та мен естіген оқиғамның жетегінде кеткенім жоқ. Арғы-бергі жайларды, айрықша Алтай алтын кендерін зерттеуге тура келді. Онан соң, 1937-38 жылдары қырағылық мәселесі ерекше өткір қойылған дәуір болатын. Әсіресе, шекараларда қилы-қилы оқиғалар болып жататындығы баспасөзде жиі жазылатын. Сондықтан оқиғаны қызықты болу үшін шекараға құрмақшы болдым. Қара Ертістің бойында болмасам да география картасына сүйендім. Ол өзеннің атын «Сеңгір» деп, Зайсан көлін «Жайсаң» деп өзгертіп алуға тура келді. Себебі, тап «Арман ағысындағыдай» оқиға ол төңіректе мүлде болмаған да шығар. Повестің негізгі идеясы – Совет халқының бостандық, еркіндік өміріне басқа елдердің құмарлығын бейнелеу еді. Бақыт көлі Жайсаңға асыға тартқан өзенге өзі бөтен елден шығып, біздің жерге құятын болғандықтан «Арман ағысы» деген мағына бердім.

1939 жылы СССР комсомолының XX жылдығы тойланатын болғанда республикалық бәйгеге ойланған тақырыбым осындай еді. Бәйге қорытындысы шықпастан бұрын «Арман ағысы» ең әуелі «Лениншіл жас» газетінде жарияланды. Ондағы менің жасырын атым «Кержайнақ» болатын.

Ал «Кержайнақтың» шын аты Ғабдол Сланов боп айқындалғаннан кейін «Әдебиет және искусство» журналында (қазіргі «Жұлдыз») түзетіліп және басылды. Жеке кітап болып басыларда «бейуақта» деген пролог қосылды. Сонда «Арман ағысы» кітап болып шыққанша екі рет қайта қаралып, қосымшалар қосылып, қырнап-мінелуден өтті. Енді жиырма төрт жыл өткеннен кейін сол повесіме қайта бір үңілер болсам тағы да елеулі өзгертулер жасаған болар едім деймін.

Асылы, мінсіз, төрт аяғын тең басқан майталман шығарма өмірде болмайды-ау деймін. Осы күнге дейін халық арасында кең тараған «Дөң асқаныма» да осылайша қараймын.

Расында, «Дөң асқан» оқушыларынан көп-көп хат алдым. Алтай қазақтарынан да, Түркіменстан, Қарақалпақ, Өзбекстандағы қазақтардан да, өз республикамыздың түкпір-түкпірінен де алғыс айтқан сүйініш хаттары өте мол түсті. Жазушы еңбегін халыққа бола жазады ғой. «Дөң асқанға» көлемді сын-еңбектері жазылмаса да оқушыларымның ризашылығына өзім мәзбін. Алайда енді қайта қарар болсам, сол еңбегіме тағы да талай өзгерістер кіргізер едім.

Ал енді сол «Дөң асқан» қалай жазылып еді? Өте ауыр еңбегім тап осы шығармама жұмсалды. «Дөң асқандағы» жерлер, кейбір адамдар басында ұшырайтын оқиғалар бала кезімнен өзім көрген, білетін жайлар. Сондықтан жер сипаттары таныс, шикі материал жақтары мол бола тұрса-дағы, қауызы мен дәні аралас ұйысқан үлкен «қырманды» әбден сапырып, ұшығын желге ұшырып жіберіп, ең керекті, пайдалы қорын іріктеп ала білуім керек болды.

Бала шағымда естіп, білгендерім өз алдына, 1932 жылдан 1940 жылға дейін жыл сайын дерлік Гурьев, Ақтөбе, Жем өндірістеріне бара жүріп, сол жақтың революция алдындағы тарихына, елеулі оқиғаларына көп үңілдім. Әсіресе Гурьев – Атырау жақты, Тайсойған, Ойыл, Темір аймағын қоймай-ақ араладым; өзім туған топырақтың тарих салған көп іздеріне көз салып, талай шиырларға да сүңгідім, жаяу жүріп те, түйе арбамен жол шегіп те, ол сапарларда ащы мен тұщыны бірдей таттым. Әсіресе, кәрі құлақты қарттармен, тарихи деректермен көп сөйлестім.

Бұлардың бәріне ел ішіндегі аңыз әңгімелер, ақын жырлары, ескі хикаялар, халықтың күлдіргі әңгіме, өлеңдері бұрыннан-ақ құлағыма көп сіңгендігі және де қосылып жатты.

Мен Кермекастағы ауыл интернатынан 1925 жылдың басында Гурьевке аттандым. Соған дейін-ақ Тайсойған елінің өткен-кеткен жайларын, әдет-ғұрып, ойын-той дәстүрлерін, ақын, әншілер салтын, шежірелерді де естіп, біліп кеттім. Әкем ел тарихынан хабары мол Махамбет, Мұрат, Қашаған, Абыл сөздерін, хисса жырларын көп білетін, өзінің де екі-үш ауыз өлеңді іркілмей айта алатын, ән салып, домбыра тарта білетін, ескіше сауаты бар адам еді. Менің он жасымда, 1921 жылы қайтыс болса да сол кісі маған үзілмес қор тастап кеткен екен, оны кейіннен білдім.

«Дөң асқанның» негізгі қоры осынша мол еді. Расын айтсам, тұңғыш романымның материалы бала кезімнен құлаққа сіңген жайлардан жинала бастаған екен. Оларға бертін келе жақсы-жаманды айыратын саналы өмірімде жинақталған деректер қосылыпты. Солардың бәрін қалай игеру керек? Романы қалай жазу керек? Романға барар жолда талай әңгіме, «Арман ағысындай» повесть жазылды. Сонымен тәуекелге бел байлап роман жазуға отырдым.

Романдай өрелі шығарманың тартыс желісін жүйелеп бір жөнге салу оңайға түскен жоқ. Бірден жазып тастау қайда! Әр кезде жеке-жеке оқиғаларын бөлек-бөлек әңгіме етіп жазып тастай бергем-ді. Енді тұтастырып іс етуге келгенде мүлде қиналдым да, әуелі біріншi кішілеу түрін ғана журналға бастырдым. Сонан екі жыл өткеннен кейін, 1940 жылы ғана, «Арман ағысынан» соң «Дөң асқанды» көп қосымша қосып қайта қарадым. Тұңғыш романым, сөйтіп, сәтімен қабылданды да, баспаға берілді. Іс үстінде оқу, жазу тәсілдерін үйрену, классикалық үлгілерден тәлім алу сияқты жазушыға ең қажетті жайлар және де ұмытылған жоқ-ты. Ол тұста әсіресе көп оқығаным Н.Гоголь, М.Горький, Л.Толстой, О.Бальзак, В.Гюго, В.Шекспир, Шиллер, Пушкин, Лермонтовтар болды.

Иеговисты работают и с детьми (!), ибо они раньше проводили свои собрания в школах. По крайней мере, в 90-ые годы они проводились вполне легально, иногда даже с участием учителей (!). Дети Свидетелей в казахстанских школах не посещают школьные мероприятия, не отмечают государственные праздники и т.д., потому что родители запретили им это делать.



Запреты «Свидетелей Иеговы» для своих последователей направлены на то, чтобы они не были гражданами данной страны. Например, запреты: служить в армии, помогать своему государству во время войны, участвовать в социальных реформах, принимать участие в любых национальных праздниках, приветствовать флаг, главу государства или другие национальные символы, поддерживать мирские связи, получать высшее образование (настоятельно не рекомендуется). Свидетели Иеговы не исполняют государственный гимн, не отдают честь флагу или гербу.

Необходимо воспрепятствовать миссионерской работе – это инструмент колониальной системы. Миссионеры обычно шли за колонизаторами, чтобы вслед за завоеванием страны овладеть умами их жителей. А это самое главное богатство. Поэтому нужно ужесточение закона: полностью запретить уличную пропаганду, религиозную работу под видом лечения, образовательных программ и т.д.

В России, Армении и др. республиках СНГ, как и у нас, на волне либеральной политики 90-х гг. появились большое количество «Свидетелей», которые ныне в отдельных регионах признаются экстремистскими. Например, в РФ согласно решению суда, иеговисты объявлены в Москве вне закона, организация свидетелей «Таганрог» ликвидирована, ее деятельность в Таганроге, Неклиновском и Матвеево-Курганском районах Ростовской области запрещена. Литература иеговистов (34 пункта) признана экстремистской и включена в федеральный список экстремистских материалов: номера журналов «Пробудитесь!» и «Сторожевая Башня возвещает царство Иеговы», изданные в Германии, а также книги и брошюры, изданные в Нью-Йорке.

Как и следовало ожидать, тогда за «Свидетелей» заступились Европейский суд по правам человека (ЕСПЧ) и Госдеп США – это «их секта» как средство идеологической обработки граждан других стран.

В 34 странах деятельность «Свидетелей Иеговы» запрещена или сильно ограничена (Сингапур, Россия, Китай, КНДР, Узбекистан, Туркмения, Грузия, Таджикистан, Саудовская Аравия, Египет, Иран, Ирак и др.). В мире общее количество активных членов движения 8,34 млн человек.

Когда в соседних странах ввели запреты или ограничения, немало Свидетелей перебралось в нашу страну, где для их деятельности были неплохие условия.

### ВЕЛИКАЯ ПИРАМИДА ЧАРЛЬЗА РАССЕЛЛА-ОСНОВАТЕЛЯ

«В целом, не остается ни одной стороны жизни, не затронутой этими запретами. При помощи таких всесторонних запретов секта контролирует поведение, а, следовательно, и сознание своих членов. В секте практикуется тотальное доносительство друг на друга, и за каждое нарушение полагается наказание» (см. Что запрещено «Свидетелям Иеговы»).

Есть вроде безобидные запреты, однако в совокупности они превращаются в существенный рычаг психологического воздействия плоть до вмешательства во взаимоотношения между супругами. Например, запрет дружить с соседями, поддерживать мирские знакомства, заниматься спортом (отнимает время от свидетельствования, соревнования аморальны), известные ограничения в интимных отношениях, выборе продуктов питания и др. Даже если вы породнились с иеговистами, обычно они предпочитают сидеть за отдельным столом, а не вместе с вами.

Примечательно, что в реальности перевод Свидетелей имеет очень мало общего с Библией, поскольку в нем все основные догматы христианской веры сильно видоизменены. Их миссионеры долго внушают потенциальному члену секты, что его жизнь вскоре должна измениться к лучшему, внушают надежду на счастливую и вечную жизнь, когда случится конец света. На все возражения и сомнения потенциальной «жертвы» они с постоянной счастливой улыбкой на лице безапелляционно заявляют, что Истина то, что они проповедуют, все остальное от сатаны, мир вскоре погибнет, останутся лишь последователи Иеговы.

В своей экономической политике мощная пропагандистская машина напоминает финансовые пирамиды. Все члены Руководящего совета принадлежат к классу 144 000 «помазанников», исповедующих надежду на небесную жизнь. Ниже «помазанников» находится высшая каста активистов. В нее допускаются лишь те члены секты, которые проповедуют не меньше одного часа в месяц. А еще более 14 млн пытаются из простых «поданных» примкнуть к этой касте иеговистов, гордо именующих себя возвещателями.

На распространение своих идей они не жалеют ни времени, ни средств: бесплатно распространяют хорошо иллюстрированный журнал «Сторожевая башня», выходящий даже на казахском языке, всякие брошюры, книги, в социальных сетях настойчиво приглашают на свои собрания.

Конечно, есть вопрос об этой секте, деятельность которой запрещена в соседних странах: почему «Свидетели Иеговы» продолжают свою деятельность у нас, хотя и в РК у них были проблемы с законами?

**Дастан ЕЛДЕС**




# ХАОС В АФГАНИСТАНЕ ПЕРЕКИНУЛСЯ ЧЕРЕЗ ГРАНИЦУ В ЦЕНТРАЛЬНУЮ АЗИЮ

**О происходящих событиях на границе с Афганистаном, которых в последние недели всё больше опасались правительства Таджикистана, Туркменистана и Узбекистана, рассказал автор Azattyq.**

Правительство Афганистана пало перед движением «Талибан». Несмотря на то, что у правительств стран Центральной Азии в запасе были годы, чтобы обдумать и разработать план на случай таких событий, похоже, что первые ударные волны со стороны южных границ застигли Таджикистан и Узбекистан врасплох.

Таджикистан с начала июня готовился принять беженцев в случае ухудшения ситуации на севере Афганистана – ждать этого пришлось недолго.

Большинство перешедших из Афганистана через границу с Таджикистаном в конце июня были военнослужащими или членами военизированных формирований – всего около 150 человек. У них не было ни продовольствия, ни боеприпасов. Да и другого выхода, кроме как бежать из Афганистана, тоже не было.

После этого на таджикскую территорию перебежали, по данным афганского правительства, еще около 2300 человек. Всех, как сообщается, посадили в самолеты, которые направлялись в Кабул.

Узбекистан столкнулся с аналогичной ситуацией в конце июня, но в меньшем масштабе, когда десятки афганских солдат и военизированных формирований попытались пересечь границу, но были отправлены обратно.

А в начале июля около тысячи афганских мирных жителей пересекли границу на востоке Таджикистана.

Начиная с 14 августа, когда крупнейший город на севере Афганистана – Мазари-Шариф – перешел под контроль сил «Талибана», массовый отток людей из Афганистана стал буквально «лётным» – самолетами и вертолетами, что, по всей видимости, шокировало таджикские и узбекские власти.

### ПРОТИВОРЕЧИВЫЕ ВЕРСИИ СОБЫТИЙ

Сколько самолетов пересекло воздушные границы Центральной Азии – неясно, так как поступающие данные имеют значительные расхождения.

В одном сообщении говорилось, что 14–15 августа по меньшей мере 22 военных самолета и 24 вертолета из Афганистана пересекли воздушную границу с Узбекистаном и «их принудительно посадили в международном аэропорту [приграничного узбекского города] Термеза».

По сообщениям, на борту этих самолетов находилось 585 афганских солдат.

15 августа еще 158 мирных граждан и военнослужащих пересекли реку Амударья, по которой проходит афганско-узбекская граница.

17 августа генеральный прокурор Узбекистана опубликовал заявление, в котором говорится, что в период с 14 по 15 августа 46 афганских самолетов и вертолетов «незаконно» пересекли границу в Термезе. Это заявление было позже удалено, как сообщила Генеральная прокуратура, в связи с фактологическими ошибками.

Ведомство даже не попыталось предоставить объяснение того, каким образом, учитывая большое количество гражданских и военных чиновников, побывавших в последнее время в регионе, в исходном сообщении появились фактологические ошибки.

18 августа компания Janes Defense сообщила, что на спутниковых снимках видно, что по состоянию на 16 августа в аэропорту Термеза находились «21 небольшой самолет с неподвижным крылом» и «около 26 вертолетов» ВВС Афганистана.

Другие противоречивые сообщения касались одного афганского военного самолета, который, по первоначальной информации, разбился 15 августа в Сурхандарьинской области Узбекистана, граничащей с Афганистаном.

Gazeta.uz сообщает, что двое афганских военнослужащих были доставлены в местную больницу, предположительно, после того, как они выпрыгнули из самолета.

Позднее было заявлено, что самолет был сбит силами ПВО Узбекистана при попытке нелегально перелететь через границу из Афганистана.

Еще больше усугубили неразбериху поступившие 16 августа сообщения о том, что 15 августа в воздушное пространство Узбекистана вторглись три афганских военных самолета с просьбой разрешить посадку на военной базе в Ханабаде.

Но узбекские авиадиспетчеры приказали афганским пилотам приземлиться в Термезе, и для их сопровождения были отправлены два узбекских МиГ-29.

Сообщается, что один из афганских самолетов столкнулся с узбекским самолетом и они потерпели крушение в Шерабадском районе Сурхандарьинской области. Сообщается, что пилоты обоих самолетов катапультировались.

14 августа узбекские власти позволили 84 афганским военнослужащим пересечь границу с Узбекистаном для получения медицинской помощи и временного убежища, хотя было сообщение о столпотворении сотен афганцев на соединяющем две страны мосту «Дустлик».

В МИД Узбекистана тогда заявили, что ведутся переговоры с афганской стороной о возвращении граждан.

Генеральная прокуратура заявила, что предъявит афганцам обвинение в незаконном пересечении границы с Узбекистаном. Для многих из этих солдат узбекская тюремная камера, вероятно, предпочтительнее того, что их ждет в контролируемом талибами Афганистане.

Как сообщает афганский телеканал «Толо», с 15 по 16 августа из Афганистана в Таджикистан и узбекский город Термез было совершено 45 рейсов.

16 августа Таджикская редакция Азаттыка со ссылкой на источники в Государственном комитете по чрезвычайным ситуациям сообщила, что три самолета и два вертолета из Афганистана, на борту которых находились 143 афганских солдата, приземлились в южном таджикском городе Бохтар.



*Сбежавший президент Афганистана Ашраф Гани (справа) и вице-президент Абдул Рашид Дустум*

По информации независимого таджикского новостного веб-сайта Asia-Plus, министерство иностранных дел Таджикистана заявило: «Мы получили сигналы SOS, после чего, в соответствии с международными обязательствами страны, было принято решение разрешить афганским военным [самолетам] совершить посадку в аэропорту города Бохтар».

В МИД заявили, что было всего два самолета и они оба «полетели обратно» в Афганистан после высадки пассажиров. Сообщается, что афганских солдат разместили в общежитии местного университета.

Издание «Азия-Плюс» также сообщило, что источник в посольстве Афганистана в Таджикистане утверждает, что 18 афганских самолетов – два пассажирских и 16 военных – вылетели в Таджикистан.

Информации о ситуации на границе Туркменистана с Афганистаном мало. Туркменские государственные СМИ, как и ожидалось, не сообщали ни о каких знаменательных событиях, произошедших в последнее время в Афганистане.

Однако Туркменская редакция Азаттыка сообщила, что туркменские власти не позволяют афганцам – военным или гражданским, в том числе этническим туркменам, – пересекать границу с Туркменистаном.

### ИЗВЕСТНЫЕ АФГАНЦЫ – ОФИЦИАЛЬНО НЕ В ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ

15 августа, когда президент Афганистана Ашраф Гани бежал из своей страны, были сообщения о том, что он направился в Таджикистан.

Таджикские власти отрицали, что Гани приземлился в Таджикистане, хотя сообщалось, что Гани летел в сторону Таджикистана, когда покидал Кабул.

Имеется по крайней мере одна версия, согласно которой Гани договорился лететь в Таджикистан, но в последний момент и «по неясным причинам» Таджикистан отказался его принять.

Официальные лица Объединенных Арабских Эмиратов заявили 18 августа, что Гани и его семья находятся в Дубае, хотя дата его прибытия туда неизвестна.

14 августа бывший вице-президент Афганистана и полевой командир Абдул Рашид Дустум, который всего несколькими днями ранее был назначен руководить афганскими правительственными силами в северном Афганистане, и бывший губернатор провинции Балх Ата Мухаммад Нур, как сообщается, бежали из Мазари-Шарифа с многочисленными войсками и автотранспортом и попытались перейти на территорию Узбекистана.

Сообщалось, что Дустум и Нур всё еще находятся на территории Узбекистана. Однако, по информации Узбекской редакции Азаттыка, МИД Узбекистана отрицал нахождение Дустума, Нура или Гани в стране.

### ЧТО ДАЛЬШЕ?

Таджикистан не подавал никаких сигналов о том, что собирается отправлять кого-либо из находящихся в настоящее время на его территории афганцев обратно в Афганистан.

Узбекские власти стараются не портить свои связи с талибами и по этой причине они, по всей видимости, отказываются принимать беженцев.

17 августа министерство иностранных дел Узбекистана опубликовало заявление, в котором говорится, что узбекская сторона поддерживает тесные контакты с талибами и «любые попытки нарушения государственной границы будут жестко пресекаться».

Как уже упоминалось, официальные лица Туркменистана не делают никаких публичных комментариев по поводу ситуации в Афганистане, помимо ранее прозвучавших призывов к стабильности в соседней стране, а Ашхабад почти никогда ничего не говорит о ситуации вдоль границы Туркменистана с Афганистаном.

Официальные лица Туркменистана встречались с представителями «Талибана» по крайней мере три раза в 2021 году, но, несмотря на все заверения, которые стороны давали друг другу, президент Туркменистана Гурбангулы Бердымухамедов, похоже, не уверен в безопасности своей страны.

Помимо того, что произошла переброска войск и военной техники – большей части закупленного за последние шесть лет вооружения – в районы вдоль афганской границы, Бердымухамедов также принял приглашение быть гостем в Таджикистане в середине сентября на саммите Шанхайской организации сотрудничества. Бердымухамедов дважды участвовал в этом мероприятии – в 2007 и 2016 годах.

Он также будет участвовать в саммите возглавляемой Россией Организации Договора о коллективной безопасности в Душанбе. Бердымухамедову прежде не доводилось присутствовать на заседаниях ОДКБ.

Если произошедшее в первые несколько дней после падения афганского правительства перед «Талибаном» – худшее из того, с чем государствам Центральной Азии придется столкнуться в будущем, они, вероятно, сочтут себя счастливчиками.

Но это напоминание о том, что Центральная Азия и Афганистан тесно связаны, и если что-то будет происходить в Афганистане, то препятствовать распространению этого на Центральную Азию будет сложно.

**Брюс ПАННИЕР**

*(перевод с английского языка)*

# ЕЛІҢНІҢ ЕРІ БОЛ, АРДА-ШЕР!

*(атаның немереге өсиеті)*



*(Басы өткен сандарда)*

Білім-ғылымның пайдасы туралы апталап, айлап айтуға болады. Бірақ, қанша айтқанда да Абай атамыздан асыра айта қоюмыз қиын шығар:

Жасымда ғылым бар деп ескермедім,
Пайдасын көре тұра тексермедім.
Ержеткен соң түспеді уысыма,
Қолымды мезгілінен кеш сермедім.
Бұл махрұм қалғаныма кім жазалы,
Қолымды дөп сермесем өстер ме едім?

Бірақ, бүгін басқа заман, кеш сермеу мүмкін емес. Ендеше данышпан атамыз:

Жастықтың оты қайдасың,
Жүректі түртіп қозғамай?
Ғылымның біліп пайдасын,
Дүниенің көркін болжамай?! – деп, келер ұрпағын қимылға, іске, белсенділікке, соның ішінде ғылымды білуге шақырған жоқ па еді? Қазір Оңтүстік Корея елінде жастар түгелдей дерлік жоғарғы білім алып шығады. Бұл халықтың жалпы таным деңгейін көтереді. Олай болса Арда-Шер балам, саған, сенің қатарларыңа білімнің, оның ішінде ғылымның тек пайдасын ғана емес, жалпы қажеттігінің маңызын ұғынып, түсінуге барынша күш салу, құлашты сермеу, батыл қимылдау ғана қалады. Абай атамыздың:

Білімдіден шыққан сөз
Талаптыға болсын кез.
Нұрын, сырын көруге
Көкірегінде болсын көз, - деген өсиетін әрі ту етіп көтеріп, әрі ұран етіп алға ұстасаң арманыңа жетесің, Арда-Шер.

### 10. ДОС. ЖОЛДАС

*«Мұнан менің қай жерім аяулы деп,*
*Бірге тұрып қалады кім майданда?»*
*Абай*

Арда-Шер балам, қазақ «құданы Құдай қосады, досты періште қосады» дейді. Оның және екінші түрі бар: «Құданы Құдай қосады, досты өзің таңдайсың». Біріншісі менің ойымша, баланың әлі жас, күнәден пәк кезінде тапқан достары жайлы айтылса керек. Ал енді адам ес біліп, етек-жеңін жинап, кәмелетке толған немесе оңды-солын бағамдай алатын балғын шаққа жеткен кезден бастап, екінші мақал тура келетін шығар. Адамның өскен кезде ең жиі араласатыны өзінің бірге туған бауырлары да емес, нақ осы достары болады. Сондықтан Абай атаң айтқан өмірден сертінен айнымас қажымас дос таба білу өте жауапты іс. Менің пайымдауымша, адамның өзі біреуден қорқатын болуы, біреуге құлай сенетін болуы, біреуді құлай сүйетін болуы, біреуді өлгенше жек көретін болуы заңдылық сияқты. Сенетінің кімің болады? Сенетінің досың болады.

...Ертеректе ел ішінде Әйтімбет деген сөзге шешен кісі болыпты. Бір отырыста Әйтімбет шешенге замандастары: «Достық нешеу?» - деп сұрақ қояды. Сонда Әйтімбет тұрып:

– Достықтың екі түрі болады. Бірі адал достық, екіншісі амал достық, – депті.

– Дұрыс-ақ. Енді оларды қалай ажырата аламыз? – дегендерге:

– Адал достық өмірлік нұсқа болады, амал достықтың өрісі қысқа болады, – деп жауап берген екен.

...Адамзат баласының үш досы болады. Біріншісі – тұрақсыз дос, ол – соңынан салпақтап жүріп жинаған дүние-мүлкің. Ажалдан хабар келгенде, сені тастап, басқа біреудің қолына көшіп кете барады. Екіншісі – ата-ана, жұбайың, балаларың, дос-жарандарың. Олар – саған мазар басына дейін еріп барар, содан кейін бет-бетіне кетер, бірте-бірте ұмытар. Үшіншісі – бұл дүниеде жасаған жақсылығың, істеген қайырымды істерің, қалдырған үлгі-өнеге сөздерің. Олар сен туралы ұдайы сөйлеп тұрады.

Біз осы екі мысалдан көріп тұрғандай достық та әртүрлі болады екен. Қазақ оны «бір дос бар – қолыңнан малың кеткенше, бір дос бар – мұрныңнан қаның кеткенше, бір дос бар – кеуделен жанын кеткенше». Сондықтан адал дос адамды шығарда жаны бөлек деп сипаттайды. Ал енді дос үшін жанын беретін де дос бола ма? Болады. Бұл жағдай әсіресе бұрынғы жаугершілік заманда көп көрініс берген. Жараланған досы үшін қырғын шайқасқа қайта кіретін батырларды «жолдасын жауда қалдырмайтын жігіт» деп мадақтаған. Бұл - достықтың ең үлкен шыны. Ондай бақыт кез келген адамның маңдайына бұйырмайды.

...Көне заманда ажал айтып келеді екен – Әзірейіл періште «мен сенің жаныңды алайын» деп келдім деп әр адамға ескертеді екен. Осындай жағдай он үш жасар баланың да басында болыпты. Сол кезде әлгі жас бала Әзірейілге: «сенен өтінішім бар - менің жанымды ертең осы уақытта келіп алшы, мен бүгін достарыммен армансыз ойнайын», - депті. Әзірейіл мақұл көріпті. Бала сол күні құмары қанғанша ойнап, кешке үйге барған соң ата-анасына айтыпты. Олар бұл жайды естіп ойбайын салып жылапты. Баланың аға-інілері, әпке-қарындастары бар екен, олар да естіпті. Бала сондай-ақ үй маңайындағы туған-туысқандарына барып, олармен де қош айтысыпты. Олардың бәрі жап-жас баланың өмірден кететіне өкініпті. Бірақ, ешқайсысы сенің орныңа мен барайын, менің жанымды алсын деп айта алмапты. Ертесіне Әзірейіл келген кезде баланың қасында оны соңғы сапарға шығарып салмақ болған ең жақын досы да отырыпты. Әзірейіл келгенде әлгі бала оған қарап тұрып, былай депті: «Ей, Алланың періштесі, мына бала менің ең жақын досым еді. Менің жасым бұның жасынан бір жас үлкен. Мен бұл балаға қарағанда бір жыл да болса өмірдің қызығын артық көрдім. Сондықтан сен бұның емес, менің жанымды ал!».

Ешқашан бұндай өтінішке тап болмаған Әзірейіл, не істерін білмей, Алла-Тағаладан кеңес сұрапты. Сонда Алла-тағала: «Ол баланың өзіне де, әлгі досына да тиме» депті.

Жаңағыдай адал досы бар бала кейін пайғамбарлық қонған пәленше екен» деп айтып еді Дәуатам. Мен сол пайғамбар болған адамның атын ұмытып қалыппын. Арда-Шер балам, сен осындай дос таба алсаң, кәнекей. Өзің де досқа барынша адал болғаның жөн. Осындай адал жақсы жанмен дос болған дегеннің қандай екенін Бөлтірік шешеннен тыңдайық:

Жақсымен жолдас болған,
Ел ұстаған тілектей болады.
Қыз ұстаған жібектей болады
Жадыраған жаздай болады,
Айдын көлдегі қаздай болады,
Отау ортасындағы оттай болады,
От ортасындағы шоқтай болады,
Тұрағы алтын шырақтай болады.
Тұяғы асыл пырақтай болады,
Мұнша дәулет кімге барып тұрақтай алады?!

...Мақаш әкім мен досы Жантұрған би бір нәрсеге келісе алмай, сәлемдері жараспай жүреді. Бірде Мақаш Есенқұл Беріш Бекейдің үйінде отырса үстіне Жантұрған келеді. Есіктен кіріп келе жатқан Жантұрғанға Мақаш:

– Сен кім, мен кім? – дейді. Жантұрған кідірместен:

– Сен – пышақ, мен – қайрақ, - деп жауап қайтарады. Мақаш:

-Халық жазды, - дегенде, Жантұрған:

-Халық кешті, - дейді.

Бұл сөзден кейін екеуі қайта жарасып, достасып кетіпті. Адал достар осындай болады Арда-Шер. Мақаш «мен – кіммін» дегенде? Жантұрған би оның дәрежесінің биік екенін мойындап, «сен – пышақ» деп шынайы бағасын берді. Досының әділ бағасына, кішіпейілділігіне риза болған Мақаш та «халық жазды» яғни, мен қателестім деп бірінші өзі кешірім сұрады. Мүмкін, кінәнің үлкені Жантұрғанда шығар, ол арасы бізге беймәлім. Қалай болғанда да Мақаштың бірінші болып кешірім сұрауы, кішілік көрсетуі, оның нағыз парасатты, адамгершілік бейнесін байқатып тұр. Біздің әкем де: «Адам кісілікті, көкіректі сыртқа, ерегіскен дұшпанға істер болар, басқа уақытта барынша кішіпейіл болған дұрыс» деп отыратын. Кішіпейілдідік көрсеткен Мақаштың сөзін Жантұрған да қабыл алды.

«Мың досың болса да, біреуі жетпей тұрады». (Ж.Баласағұни)

«Досыңды барда да сына, жоқта да сына». (Ж.Баласағұни)

«Сыр айтылған досыңды «дұшпан» деп ұқ». (Құтып)

«Дос зынданда жатқанда керек. Дастархан үстінде дұшпан да дос». (С.Сарайи)

«Жаман дос – көлеңке, басыңды күн шалса, қашып құтыла алмайсың; басыңды бұлт шалса, іздеп таба алмайсың». (Абай)

Осындай достан аулақ бола біл, Арда-Шер балам!

### 11. АР-НАМЫС. МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ

*«Дүние қарап тұрсам бір кең сарай,*
*Сарайға көзім талды-ау қарай-қарай.*
*Тағдыр мен Тәңіріге өкпелеме,*
*Өзінен ер жігіттің бақ пен талай!»*
*Қазақтың қара өлеңі*

*«Арсыз қолым істеді,*
*Арлы бетім ұялды».*
*Абай.*

Арда-Шер балам, біз әңгіме еткен ақыл, білім, талап, еңбек, жігер, бұның бәрі не үшін керек? Бұның бәрі адамның өмір сүруі үшін керек. Адам не үшін өмір сүреді? Адам бұл өмірде бақытты болып өтіп, артына жақсы ұрпағын, жақсы сөзін, жақсы ісін қалдыру үшін өмір сүреді. «Тумақ – сүннет, өлмек – парыз» дейді исламда. Бұл не деген сөз? Бұл - адамның өмірге келу-келмеуі екіталай, ал келгеннен кейін өмірден кетуі міндет деген сөз. Одан ешкім қашып құтыла алмайды. Сондықтан әрбір адам өмірге келіп-кеткені, бар-жоғы білінбейтіндей болуы емес, өшпес, өлместей болып өмір сүруге ұмтылғаны жөн. Өлместей болып өмір сүру дегеніміз әрбір адамның артында елге өнеге болып, ең болмағанда бірауыз сөзі қалу дегенді білдіреді.

...Әйгілі Мақаш әкімнен досы Жантұрған би:

-Адамнан адам артық па? - деп сұраған екен. Сонда Мақаш:

-Ханнан артық қара бар, қылыштан артық ара бар, кейбір қараның сөздері, хандықыменен пара-пар, - депті.

Мен енді осы жерде өзімнің, апаңның, үлкен атаң мен үлкен нағашы атаңның өнеге етуге тұрарлық деген сөздерін жазып кетейін.

«Құда болған соң, құдаң келді дегенде орнынан ұшып тұрып, шапанының етегіне сүрінбеген құда құда емес». Отар Әміреұлы.

«Жігітке он екі өнер аздық етпейді, он үш өнер көптік етпейді». Әбдіуәли Ақжігітұлы

«Жақсылықты ұмытқан адам - адам емес адам». Өмірзақ Ақжігіт

«Не көрсең де оған алдымен өзің кінәлісің. Өйткені, біріншіден, сенің абыройыңның жеткен жері осы. Екіншіден, өзгенің ақылының жеткен жері осы». Өмірзақ Ақжігіт

«Адам көп жасағаннан қартаймайды, көп жасығаннан қартаяды». Өмірзақ Ақжігіт

«Қоры жоқ адам – қор адам». Гүлзейнет Отарқызы

«Адам жұртқа жұмбақ болуы керек». Гүлзейнет Отарқызы

Сен де сондай артыңда өлмес іс, өшпес із қалуы үшін жақсы азамат болып өсуің керек. Азаматты ұстап тұратын діңгек, ұстыны - ар-намысы мен көркем мінез-құлқы. Біз «малым - жанымның садағасы, жаным - арымның садағасы» деген қазақпыз. Басқа бірде-бір халықта мұндай мақал жоқ, балам. «Ердің екі сөйлегені – өлгені» дейтін де қазақ. «Ер жігіт ұстаған жерінен сынуы тиіс» деп те айтады. Бірақ, бүгін ұлтымыздың мінезі ұсақталып, халқымыздың мінезі майдаланып барады. Өкінішке қарай, бұл мойын бұлтартпайтын ақиқат. Тек ақиқат қана емес, ұлтқа төнген қатер. Сол қатерді жан-тәнімен сезінген Гүлтас Құрманбай атты ұстаз «Келіннің кесек сөйлегенінен, ұлдың ұсақ сөйлегенінен без» депті. Сонау 30-жылдары Кеңес үкіметі қазақ халқының қаймағын қынадай қыра бастаған кездеақ ол зұлматтың аяғы осындай тажал болып төнерін білген, басын бәйгеге тігіп жүріп «жұрт бүгіншіл, мен ертеңшіл» деген ұстанымынан айнымай, ақтық демі біткенше аянбай халқына қызмет еткен, елу жасқа толар толмаста-ақ, өзінің көзі тірісінде «қазақ халқының рухани көсемі» атанған Ахмет Байтұрсынұлы атамыз: «Біз тірі қалуымыз керек, тірі қалу үшін ірі болуымыз керек» дабыл қағып еді. Арда-Шер балам, әрбір істе тек қана ірі болуға тырыс. Біздің әкем «өрге қарап жығыламын» дейтін. Және «жұмыста жүре тарту керек» дейтін. Бұл – майдашүйдені, балаққа ілінген тікен-шөпті, етектен тартқан ит-күшікті елемеу деген сөз. Рас, ірі болу оңай емес. Бірақ, ойың адал, ісің ақ болса, қандай ірі істі қолға алсаң да Алла-Тағалам өзі саған көмекке келеді. «Есебі - дұрыс, ісі – ақ, неден қорқады?» деген Алтын Орда ойшылы Сайф әс-Сарайи. Адам – пенде, пендешілікке салынған адамдардың сені аяқтан шалмақ болуына, жолыңа кедергі қоюына, бақталастық жасауына басыңды ауыртып жатпай-ақ қой. Көреалмаушылығын көзіңе ілме. Күншілдігіне күліп, мысқылдап өте шық. «Күншілдік деген ауруға өлімнен басқа ем жоқ» (С.Сарайи), олардың жазасын Алла-Тағала берсін. Және. «Барлық бөленің басы – шарап» (Рашид-ад-дин), сен адам боламын десең осы бөледен өмір бойы аулақ бол!

*(Жалғасы бар)*

**Өмірзақ АҚЖІГІТ**




Дайындаған: Қажымұқан ҒАБДОЛЛА

### ӘЗІЛ-ШЫНЫ АРАЛАС

*Жол бойында МАИ қызметкері көлікті тоқтатып, жүргізушіге:*
*– 100 доллар беріңіз. Әйтпесе сіздің көлігіңіз бен өзіңізді де қамауға аламыз.*
*– Басеке, мен ереже бұзған жоқпын ғой.*
*– Маған не қыл дейсің. Сен қашан ереже бұзады деп күтіп жүреді екенбіз ғой, сол...*

***

*Бірде шал мен кемпір жас күндерін еске түсіріп, саябақта қыдырып жүрсе керек. Айнала толы – жас қыздар мен жігіттер.*
*– Әй кемпір, осылардай кезімізде қайтушы едік, – деп кемпірін құшағына қысып алып, сүйе кетеді. Осы сәтте олардың қасына келген тәртіп сақшысы:*
*– Қоғамдық орында тәртіп сақтамағандарыңыз үшін айыппұл төлейсіздер. Ата, сізден – 500 теңге, сізден апа – 1500 теңге.*
*Бұған ашуланған шал:*
*– Бәрін бастаған – мен, сондықтан да айыппұлдың ең көбін мен төлеуім керек қой.*
*– Кешіріңіз, ақсақал, мен сізді бірінші рет көріп тұрмын, сол үшін де аз төлейсіз. Ал бұл кемпір осымен үшінші рет көзге түсіп отыр...*

***

*Қазіргі қағида: «Бүгінде ешкім жан сыры мен жеке құпиясын біреуге ақтарылып айтып жатпайды, әншейін Фейсбукқа жаза салады»*

***

*Жазылмаған заңдылық: «Екі адам екі литр суды әрең тауысады, есесіне, екі жәшік сыраны қиналмай сіміре алады.»*

***

*Адамдар екі топқа бөлінеді: Охраналар және басқалар болып.*

***

*Депутаттың ойы: «Немерелеріміздің каникулы үш ай, ал біздің каникул бар болғаны бір жарым ай ғана...»*

№35 санда шыққан сөзжұмбақтың жауабы




# ҚАРТАЮДЫ ТЕЖЕЙТІН ӨНІМДЕР

**Қартаю – биологиялық процесс. Белгілі бір жасқа жеткеннен кейін ағзаның мүмкіндігі төмендейді. Қартаю кезінде тіннің серпімді талшықтары және су мөлшері азаюынан тері жұқарып, қатпарланып әжім пайда бола бастайды. Жасымыздан егде көрінбеу үшін теріні жасартатын түрлі крем жағып, бетімізге көптеген маска жасап жатамыз. Тез қартаюдың бір ұшы жеген тағамға да байланысты. Қартаюды тежейтін, үнемі жас қалыпты сақтауға көмектесетін өнімдер бар. Солардың бірнешеуін ұсынамыз.**



- Асқабақ дәні мырышқа, триптофанға және көптеген қанықпаған май қышқылдарына бай. Ол теріні серпімді ете түседі. Асқабақ дәніндегі каротиноидтар мен Е дәрумені жүрек ауруларының алдын алуға және холестеринді төмендетуге көмектеседі;

- Қызанақтың құрамында ликопен көп. Бұл зат теріні күйіп қалудан қорғайды. Ликопен мен бета-каротиннің жетіспеуі инфаркт пен инсульт қаупін арттырады. Қызанақтың құрамындағы ликопен қандағы холестеринді төмендетеді және тамырлардың жұмысын жақсартады;

- Балықтың майлы түрлері омега-3 май қышқылдарына және диметиламиноэтанолға, табиғи коректік заттарға бай. Майлы балық теріде әжімдердің пайда болуына жол бермейді. Омега-3 қабынуға қарсы қасиеті бар және терінің, тырнақтың, шаштың жағдайын жақсартады;

- Какао немесе қара шоколад құрамында флавоноидтардың (флавонолдардың) арнайы тобы бар. Олар ерте қартаюға әкелетін қабынумен күреседі;

- Ақжелкеннің құрамында С дәрумені, каротиноидтар, хлорофилл бар. Олар қанды тазартады және ағзаның жас қалпын сақтайтын глутатион өндірісін жақсартады.

*massaget.kz*

# ТҮРКІ ЖАСТАРЫНЫҢ БІРЛІГІН АРТТЫРУҒА БАҒЫТТАЛДЫ

**Түркияның Ерзурум қаласының Мұстафа Кемаль Ататүрік атындағы университетінің ректоры Омер Чомаклының ұйымдастыруымен Түрік елінің әнұранының жүз жылдығына орай Халықаралық конференция өтті.**

Қазақстан атынан аталған оқу орнының докторанты Қолдасбаева Гүлім Дүйсенқызы (ғылыми жетекшісі доцент доктор Ясин Махмут Якар) ғылыми зерттеу жұмыстарынан үзінді ұсынып, оның жұмысы халықаралық деңгейде бағаланды. Бұл зерттеу жұмысында ҚР Білім және ғылым министрлігі тарапынан бекітілген қазақ және орыс оқулықтарындағы мәтіндер қандай құндылықтарды дәріптейтіндігі зерттеліп, екі тілді білімнің қазақ балаларының өмірі мен психологиясына берер әсерлері талқылана отырып, Түркия мен Қазақстанның білім беру жүйелері салыстырылды. Зерттеу барысында



түрік және қазақ халықтарының ортақ құндылықтарына ерекше мән беріле отырып, түркі халықтарының ортақ құндылықтарын мектеп оқулықтарында балаларға дәріптеу арқылы, пікірде, істе бір болатын білімді іскер түркі жастарын тәрбиелеп шығудың жолдары қарастырылды. Зерттеу құжаттарын талдау дизайнның сапалы нұсқасын қолдану арқылы жүргізілді . Зерттеу барысында мәтіндердің берер құндылықтары, мақсаты анықталды. Бұл құндылықтар төрт негізгі айдар бойынша топтастырылған. Атап айтқанда, әмбебап, ұлттық, діни және ғылыми. Сонымен қатар, оқулықтардағы мәтін түрлері анықталды. Зерттеу нәтижесінде, екі елде де оқытылатын оқулықтардағы жалпыадамзаттық құндылықтардың таралуында ұқсастық бар екендігі анықталды. Сөйлеуге, оқуға және жазуға үйретуден басқа, тілді оқытудың тағы бір мақсаты – құндылықтар мен мәдениетті үйрету. Әрбір тіл өзіне тиесілі қоғамға тән белгілі бір сипаттамаларға ие болған кезде, ол ұсынатын қоғамның құндылықтарынан оқшаулау мүмкін емес. Елдер арасында құндылықтар туралы оқулықтар арқылы салыстырмалы зерттеу жүргізілмегендігі және олар өмір сүретін қоғамға жататын кейбір мотивтер ғана құндылық болып табылатындығы маңызды мәселе. Осыған байланысты зерттеу оқулықтар арқылы елдердің құндылықтарын салыстыруға мүмкіндік беру және әр елдің өзіндік құндылықтарына ие бола алатындығын бейнелеу тұрғысынан маңызды. Құндылықтар тәрбиесі: құндылықтарды тәрбиелеудің мәні құндылықтарды оқыту болып табылады. Құндылықтар туралы білім ерік-жігерді оятып, жақсылықты насихаттауы тиіс.




Құндылықтар тәрбиесі алдымен баланың сезімталдығына әсер етуі керек. Себебі эмоция балалардың ойына бірінші келеді. Бала толқып тұрған кезде, оның ойын тазарту оңайырақ болады. Біз қарастырған оқулықтардағы мәтіндер көбінесе әңгімелер мен өлеңдерден тұрады. Түрік оқулығында жалпыадамзаттық құндылықтарға көбірек орын берілсе, қазақ кітаптарында барлық түрік халықтарына ортақ «Ахмет Яссауи», «Қорқыт Ата», «Наурыз мерекесі» және «Түркістан» сияқты ұлттық құндылықтар алдыңғы қатарға шыққандығы қуантады.

Осы мақала барысында қазақ жастарының болашағына ерекше толқынылспен қарап, қолынан келгенше қазақ жастарының білімді, өнегелі болуына ерекше атсалысып жүрген ұстазым, ғылыми жетекшім Ясин Махмут Якарға қазақ халқының атынан және өз атымнан алғыс айта отырып ғылым жолында табыстар мен отбасына амандықсаулық тілеймін.

*Құттықтаймыз!*



## *Құтты болсын жемісті жетпісіңіз!*

Асқар таудай атамыз, алып бәйтерегіміз Болат Бәсімов пен ақ жаулықты әжеміз Оралғайша Оспанованы жемісті жетпіс жасқа толған қуанышты күнімен шын жүректен құттықтаймыз. Ата-әжемізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр тілейміз. Бүгінде ұлдарын ұяға, қыздарын қияға қондырып, Алланың берген сүйікті немерелеріне әже болып отырған ардақты жандардың арамызда аман-есен жасай беруін тілейміз!

*Құт болсын, жемісті жетпіс жасыңыз,*
*Сексеннің де сеңгірігінен асыңыз.*
*Қуат алып, денсаулықтың нәрінен,*
*Жарқын жүзбен жүзге аяқ басыңыз!*

*Жаратқан ием жар болып, қорғай жүрсін,*
*Қай қиырда жүрсеңіз де қолдай жүрсін!*
*Ақ тілектер ақтарылған бұл күнде*
*Жақын жандар жақсы тілек жолдай берсін!*

**Құттықтаушылар: немерелері.**

**ҚАЗАҚТЫҢ МҰҢЫ МЕН ШЫНДЫҚТЫҢ ЖЫРЫ – «ҚАЗАҚ ҮНІ» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!**

**ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380**

***«Қазпошта» арқылы жазылу бағасы:***

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 ай | қала | 429,24 | 3 ай | қала | 1287,72 | 6 ай | қала | 2575,44 | 12 ай | қала | 5150,88 |
| 1 ай | ауыл/аудан | 447,86 | 3 ай | ауыл/аудан | 1343,58 | 6 ай | ауыл/аудан | 2687,16 | 12 ай | ауыл/аудан | 5374,32 |


Меншік иесі:
«Қазақ үні» ЖШС
ҚАЗАҚ ҮНІ
Президент –
Қаныш ЖАРЫЛҚАСЫН

Бас редактор –
Құлтөлеу МҰҚАШ
Бас редактордың бірінші орынбасары –
Зейнолла АБАЖАН
Qazaquni.kz ақпарат агенттігінің
Бас редакторы –
Азамат ТАСҚАРАҰЛЫ
Жауапты хатшы –
Гүлмира САДЫҚ
БӨЛІМ РЕДАКТОРЛАРЫ:
Дастан ЕЛДЕС (орыс редакциясы)
Нұржан АСАН (көркемдеуші)
АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Нұр-Сұлтан тілшілер қосыны:
Азамат ТАСҚАРАҰЛЫ
(8-702-931-89-86)
Ақмола облысы:
Бақыт СМАҒҰЛ (8-701-626-77-66)
Арқалық қаласы:
Нұрсұлтан НҰРМАН
(8-702-688-84-87)
Алматы облысы:
Мәди ИСЛАМ (8-775-119-12-13)
Жезқазған қаласы:
Жанат АСАНҚАЛИ
(8-702-384-12-00, 8-707-261-20-98)
Қарағанды облысы:
Ахметқали ХАЛЕНОВ (8-701-450-30-18)
Қостанай облысы:
Төлен РАМАЗАНҰЛЫ (8-701-174-06-70)
Семей қаласы:
Рахат АЛТАЙ
(8-775-998-15-39)
Түркістан облысы:
Әбдіғаппар АЙДАР
(8-702-475-75-66, 8-771-390-73-75)
Асылхан ӘЛІ (8-701-626-88-32)
Түркістан қаласы:
Әтіргүл ТӘШІМ (8-702-489-47-23)
Тарату бөлімі:
Нұр-Сұлтанда:
Жасұлан ИСА
(8-776-120-19-72)
Шымкентте:
Мұтән ИСМАЙЫЛ
(8-701-692-1340),
Астанада «Алты Алаш»
дүңгіршіктерінде сатылады
(8-701-572-88-47)
Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде 19. 12. 2012 жылы тіркелген. Куәлік №13976-Г (Алғашқы куәлік №1270-Г, 01. 08. 2000 жыл).
Автордың пікірі мен редакция көзқарасы сәйкес келе бермейтінін ескертеміз. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды.
Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.
Газеттен көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы шарт.
Газетте «Қазақпараттың» материалдары пайдаланылды.
Газет «Қазақ үні» компьютер орталығында беттелді
АЙЛЫҚ ТАРАЛЫМЫ – 60 400
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380
Редакцияның мекен-жайы:
050006, Алматы қаласы, Қалқаман-3 ықшамауданы, С. Сейітов көшесі, 11 үй
Байланыс телефоны:
8 (727) 398-57-31
E-mail: qazaquni2000@gmail. com
www. qazaquni. kz
Кезекші редактор –
Зейнолла АБАЖАН

ТОО «Қазақ үні»
БИН 000540006784
ИИК KZ508560000000385541
АГФ АО «БанкЦентрКредит»
г. Алматы, БИК KCJBKZKX, Кбе 17
Газет «Алматы-Болашақ» баспаханасында басылды. Алматы қ. , С. Мұқанов к. , 223 б.
Көлемі: 6 баспа табақ
(А) – материалдың жариялану ақысы төленген